Оқушыларға өз бетінше жұмыс жасауға арналған тапсырмалар берілді.Топтарға бөліп, түрлі жаттамақтар, жаңылтпаштарды сол жерде жаттатқызып орындауға тапсырмалар орындатылды.1-4 сынып оқушыларына арналған «Ойын түрлерін», дидактикалық материалдарды жинақтауға ғаламтор материалдарына шолу жасалынып, деректер алынды. 1-сыныпқа арналған зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында оқушыларға тапсырмалар беріліп, сурет салу, қолөнер бұйымдарын жасауға берілді. Сабақ барысында 1-2 сынып оқушылары арасында сөздік қорын молайту жұмыстары жүргізілді. Оқушылардан жаттамақтар мен жаңылтпаштарды жылдам орындауға,жұмбақтар жасыруға тапсырмалар орындатылды.
Жүргізілген жұмыстар бойынша 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021оқу жылдарындағы логопунктке қабылданған оқушылар бойынша мәлімет:

| | **2017-2018 оқу жылы** | **2018-2019оқу жылы** | **2019-2020 оқу жылы** | **2020-2021 оқу жылы** |
|---|---|---|---|---|
| **Анықталған оқушылар** | 53 | 77 | 100 | 81 |
| **СЖД** | 2 | 5 | 8 | 5 |
| **ФФЖ** | 19 | 66 | 89 | 75 |
| **Тұтықпа** | 4 | 6 | 3 | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Тіркеуден шығарылған оқушылар** | 31 | 31 | 45 | 61 |
| **Инклюзивті оқыту** | 7 | 4 | 10 | 16 |
| **Үйден оқыту** | 3 | 6 | 6 | 6 |

**Қорыта келе,** жүргізілген логопед жұмысы жоспарға сай жүзеге асып келеді. Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, таныстырылып отырылды. Алдағы уақытта түзету жұмыстары жалғастырылады.

# 2017-2021 ОҚУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ

**Психологиялық қызметтің мақсаты** - орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік–психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісінде қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

**Міндеттері:**

- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілерге ақпараттық қоғамның жылдам дамуына олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан көмек көрсету, психологиялық - педагогикалық зерделеу, шығармашылық әлеуетін дамыту, психологиялық түзету және дамыту жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

2017-2018 оқу жылында психологиялық қызметте мектеп проблемасы негізінде жылдық жоспар құрылып, жүзеге асырылуда. Осы жоспарға сүйене отырып, қыркүйек айында жекелеген оқушылардың психологиялық – әлеуметтік жеке картасын дайындаудан бастады. Биылғы оқу жылында мектепте 3221 оқушы білім алуда. 117 класс комплект бар және 212 мұғалім жұмыс жасайды. Мектептегі психологиялық қызмет келесі бағыттар бойынша жүзеге асты: психодиагностика, кеңес беру, түзету-дамытушылық, ағартушылық-профилактикалық, әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар.

Психодиагностикалық бағыт бойынша оқу жылының басында 1 класс оқушыларының мектепке дайындығы мен бейімделуі зерттелді. Диагностика үшін “Бейімделу кезеңі” әдістемесі және И.Керннің психологиялық субтесті пайданылды. Нәтижесінде бейімделуі әлі де қиын оқушылар саны: 10 оқушы анықталды. Оқушылармен психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді.

5 класс оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға бейімделу кезенінің жағдайын зерттеу жүргізілді. Оқушылардың психологиялық ауызекі логикалық даму деңгейлері, қысқа мерзімді есте сақтау, “Социометрия” әдістемелері жүргізілді. Нәтижесінде 4 оқушы әлі де бейімделу үстінде екені анықталды. Оқушылармен психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс. 2017-2018 оқу жылында 13 оқушы инклюзивті білім алып, 9 оқушы үйден оқытылып жатыр. Оқушылармен аптасына 1 күн кесте бойынша түзету-дамыту жұмыстары, психологиялық қолдау сабақтары, топтық жұмыстар, тренингтер жүргізіліп жатыр.

Әр тұлғаның ішкі жан дүниесін тыңдай отырып, психологиялық көмек беру мақсатында, кеңес беру жұмыстары оқушылармен топтық және жеке барлығы – 132, ата аналар үшін – 12, педагогтер үшін-11 әңгімелесулер мен кеңес жұмыстары жасалынды.

Ата-аналармен жұмыс. 2017-2018 оқу жылдың қыркүйек – қазан айларында жоғары класс мектеп оқушыларының ата – аналарына төмендегідей бағытта:
1. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен интернет-тәуелділік қалыптасуының алдын алу бойынша;
2. Кәмелетке толмаған балалардың суицидтік (ауто-деструктивті) мінез-құлқының алдын алу.
3. Отбасылық құндылықтарды ілгерілету және нығайту: бала тәрбиесі үшін отбасы берекесінің маңыздылығы тақырыптарында психологиялық көмек беру мақсатында, «XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АТА-АНА: ӨЗ БАЛАҢА ҮЛГІ БОЛ!» атты конференция өтті.

“Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша ата-аналарға дәріс жүргізіліп, оқушылардан сауалнама алуға ата-аналардан келісім алынды. Хаттама толтырылып, қорытынды есеп, акт жасалынды. Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен оқушылардың жарты жылдық жұмыстары таныстырылып, жиналыс өткізілді.





Кәсіби бағыт-бағдар жұмысы бойынша 9-11 класс оқушыларымен «Мамандықтың бәрі жақсы», “Бақыттың кілті байлықта емес” атты тренинг-сабақтар, Д.Голлонд тест жұмысы, «Сенің кәсіби ой-ниетің» сауалнамасы, темперамент анықтауға байланысты Айзенк әдістемесі жүргізілді. 11 класс оқушыларына ҰБТ –ға байланысты жеке, топтық кеңестер жүргізіліп, дәрістер оқылды.

Тәрбие бағыты бойынша 5 қазан Қазақстан бойынша «Қыздар күні» мейрамына сәйкес, және қыздар ұйымының жоспарлы түрде отырысы бойынша, 6,7,8,9,10 класс қыз балалармен кездесу өтті. Кездесу әр түрлі мәселелер бойынша, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





Мектепте «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» жұмыс жасайды, онда түскен оқушылардың , басқа да жеке тұлғалардың ойларына , сұрақтарына жеке және топтық түрде жауаптар беріліп отырылды. Барлығы «Сенім жәшігіне» – 4 хат түсті, оның ішінде мұғалім тарапынан-0 ата – ана тарапынан – 0, оқушы тарапынан – 4 хат түсті. «Сенім телефонына» ата-анадан 4 хабарлама түсті. Әр бір хатқа және қоңырауға уақытылы кеңестер мен ұсыныстар жасалып, тіркеу журналына жазылды.

Мектеп бойынша есепте тұрған-8 оқушымен психологиялық түзету-дамыту жұмыстары жоспарға сүйеніп жүргізіліп отыр, 14 – тәуекел топқа дін жолындағы, екпе алмаған оқушылармен түзету түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша 8-10 класс оқушыларынан онлайн түрде 330 оқушы сауалнама алынып, нәтижесінде 6 – оқушы қауіп топтың түрлі шкалалары бойынша тіркеуге алынды. Бұл оқушылармен жартылай сұхбат жүргізіліп, психологиялық көмек берілді. Күнделікті психологтың бақылауында тіркеуде тұр. Сұраныс бойынша 1-11 класс оқушыларымен күнделікті психологиялық түзету дамыту сабақтары, жеке кеңестер жүргізіліп отырады.

2017-2018 оқу жылының бірінші жарты жылдығы бойынша ата –аналардың, класс жетекшілердің сұранысы бойынша, оқушылармен психологиялық түзету және дамыту жұмыстары топтық және жеке түрде өткізіліп отырды.

Қорыта келе, жүргізілген психолог жұмысы жоспарға сай жүзеге асып келеді. Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, таныстырылып отырылды. Өткізілген психологиялық шаралар мектеп проблемасымен ұштастырылып отырды.

2019-2020 оқу жылында психологиялық қызме,т қыркүйек айында жекелеген оқушылардың психологиялық - әлеуметтік жеке картасын дайындаудан бастады. Сұраныс бойынша жекелеген оқушылардың әлеуметтік жағдайлары зерттеліп, АКТ жасақталды. Мектеп бойынша әр класс бойынша оқушыларды психологиялық жетелеу жұмыстарына ата-аналардың келісімі шарты алынды.

**Диагностикалық бағыты бойынша** қыркүйек айында психологиялық қызметтің жүргізген зерттеу жұмысына 1-класс бойынша барлығы 587 оқушы қатысты. Психологиялық қызметтің мектеп қабырғасына қабылданған оқушыларға психологиялық әдістеме, Керн-Йрасек төрт субтестен тұратын баланың мектепке дайындығын бағалау тестісі жүргізілді. Сонымен бірге «Жануарлар мектебі» атты жобалау әдістемесі жүргізілді. Бұл әдістемелердің мақсаты, оқушылардың жеке даму деңгейі мен оқуға психологиялық дайындығын, оқушылардың мектеп өміріне бейімделу процесін анықтау мақсатында жүргізілді.






**Қорытынды:** 5 – класс оқушыларымен жоғарыда айтылған әдістемелік зерттеу жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді. Бейімделуі жақсы оқушылар саны – 300 оқушы анықталды. Жұмыстануды қажет ететін оқушылар саны – 60 оқушы анықталды. Бейімделу кезеңінің әлі де бейімделу үстіндегі оқушыларға жүргізілген әрбір әдістемені талдап, анықталған нәтиже бойынша ұсыныс беріліп, ұсыныстар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Әрбір жүргізілген зерттеу нәтижесімен класс жетекшілер мен ата-аналарға таныстырылып, төмендегідей ұсыныстар берілді.

6-7 класс оқушыларымен «Өз құқығынды білесің бе?» сауалнамасы алынып, қорытындыланды. Қатысқан оқушылар саны - 769. Нәтижесінде оқушылардың дамыту-түзету жұмыстары жүргізіліп, баланың құқығын қорғау және жан-дүниесін өзгеру түсінуге ықпал ету. Оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсатында «Өмір

неткен керемет!», «Менің көңіл-күйім» тренинг жаттығуы сабағы жүргізілді. Социометрия әдісі алынып, қорытынды жасалынды.

8-10 класс оқушыларына “Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша 435 оқушыдан сауалнама алынып, нәтижесінде 1 оқушы бақылау тобында екені анықталып, кеңес берілді.

16 қаңтар күні 8 кластармен 9 кластар арасында "Токсикоманияның «алдын-алу» шаралары жүргізілді.
**Мақсаты:** - Балалармен жасөспірімдер улы заттардың қауіпті екенін түсіндіру;
- нашақорлыққа теріс көзқарасты тәрбиелеуге ықпал ету;
- токсикоманияның алдын-алуда жастар арасындағы жүргізілетін үгіт-насихат жұмысын жандандыру.

**"Біз біргеміз, ажырамасын іргеміз"** тақырыбында 5 класс оқушылары арасында психологиялық ойын жаттығуы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың өзіне деген сенімділігін қалыптастыру, бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету, топпен жұмыс кезінде ауызбіршілікке, бірлікке, татулыққа шақыру.

27.01.2020 жылы 11 кластар арасында жасөспірімдердің зиянды заттардан аулақ болуын токсикомания, насыбайдың алдын-алу шаралары ұйымдастырылып, профилактикалық жұмыс, видеоролик «Насыбай тұтынудың ақыры не болмақ», «Сенің болашағың өз қолыңда» тақырыбында психологиялық қолдау сабағы өткізілді. Мақсаты: оқушыларға салауатты өмір салтын қалыптастыру және адам ағзасына насыбайдың зиянын түсіндіріп, насыбай жайлы ақпараттар беру, алдын-алуда жастар арасындағы жүргізілетін үгіт-насихат жұмысын жандандыру. Балалармен жасөспірімдер улы заттардың залалды екенін түсіндіру, адам ағзасына зиянды екенін ұғындыру.

9-11 кластар арасында «Ұрлық түбі-қорлық» оқушылар арасында жаман әдеттерден аулақ ұстауға арналған профилактикалық алдын-алу шаралары ұйымдастырылды

Ақпан айының 26 күні «Жат қылықтардың қыздар тағдырына әсері» 9-11 класс қыздарымен пікірталас жүргізілді. Қатысқаны - 25 оқушы, әр кластан 2-3 оқушы болды. Мақсаты: қыздардың жат қылықтарды ажырата білуі, олардың денсаулығына, ұлт болашағына, рухани болмысына келтіретін зияны туралы түсініктерін дамыту.

Наурыз айы **«Алғыс айту» күні -** тарихқа тағзым ету деп түсінуге болады. Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған, еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын күн. Бүгін мектебімізде "Алғыс айту" күніне орай ұйымдастырылған шараға барлық класс оқушылары қатысып, өз тілектерімен алғыстарын білдірді.

**Наурыз айында «Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі елдің тірегі»** тақырыбында 11 класс оқушылармен психологиялық тренинг-сабақ өткізілді. Оқушылардың білім шыңына талпынуда алғашқы қадам жасаулары үшін бойларында қандай қасиеттер болу керек, неге бейімделу керектігі жайлы ойларын білу, ой бөлісу топпен бірге жұмыс жасауды дамыту, оқушыларды сергіту.

Мектеп инспекторымен бірігіп “Құқық бұзушылықтың алдын-алу” тақырыбында 5-11 класс оқушыларымен профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, үйлерін аралап, акт толтырылды.

11 класс оқушыларымен «Қиындықтарды қалай жеңу керек?» мектеп түлектерінің өз күштерін тексеруге, өзін терең білуге көмектесу мақсатында психологиялық қолдау видео сабағы өткізілді.

Ерекше оқытуды қажет ететін, үйден оқитын оқушыларға зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қорытынды есеп жазылды.

**Консультативтік бағыт бойынша** ата–анаға, педагог, оқушыға психологиялық кеңес беріліп, психологиялық көмек көрсетілді. Келеңсіз жағдайлардың алдын –алу мақсатында, мектебімізде «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігі» жұмыс жасайды. «Сенім телефоны» бойынша ата-ана тарапынан 4- қоңырау шалынып, «Сенім жәшігіне» 29 хат түсті. Бұл хаттарға жауап ретінде, оқушылар жеке кеңес сабағына шақырылды. Түскен хаттар бойынша АКТ жазылып таныстырылды.
Ата-аналар жиналысы өтті, «Өз балаңыз туралы не айтасыз?» сауалнамасы алынды. Сауалнама және тренингке 90 ата-ана қатысты. «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата-ана: Өз балаңа үлгі бол!». Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі отбасының атқаратын міндеті, бала тәрбиесінің негізін жасаушы ата-ана екенін ұғыну, мектеп ережесімен таныстыру.

“Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша суицид вахтерларын оқытып, ескертпелер тарататылды, дәрістер жүргізілді. Хаттамалары толтырылды.

19-20.11.2019 жылы “Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша ата-аналарға дәріс жүргізіліп, оқушылардан сауалнама алуға ата-аналардан келісім алынды. Ата-аналар мен оқушыларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың алдын алуға көмектесу үшін қазақ және орыс тілдерінде «7 тыйым» ережесі (Правила «7 нельзя») атты ескертпелер(памятка) таратылды. Хаттама толтырылып,қорытынды есеп, акт жасалынды.

2019 жылдың 28-29 қараша күндері өткен ата-аналар жиналысында балалардың қауіпсізігін қамтамасыз ету және құқығын қорғау, балалар мен жасөспірімдер арасындағы жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу мақсатында қазақ және орыс тілдерінде ата-аналарға арналған Ақтөбе қаласы Алматы ауданы прокуратурасының жадынамасы, ата-аналар мен балаларға арналған «жеке қауіпсіздік ережесі», «7 тыйым» ережесі (Правила «7 нельзя») атты ескертпелер (памятка) таратылды. Мектеп қызметкерлеріне қазақ және орыс тілдерінде мұғалімдерге арналған Ақтөбе қаласы Алматы ауданы прокуратурасының жадынамасы таратылып, таныстырылды.

**Әлеуметтік** жағынан тұрмысы нашар отбасылармен және балалармен , ерекше назардағы оқушылармен құқық бұзушылықпен қараусыздықтың алдын-алу бойынша “Қиын”, “Тәуекел”, есепте тұрған оқушылармен түзету және дамыту жұмыстары жүргізілді. “Аяқталмаған сөйлем” әдісі бойынша топтағы оқушылардың психикалық жай күйі анықталды. Жүргізілген әдіс бойынша оқушылар жоғары нәтиже көрсетті.

6 ақпан күні Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен жақсы қарым-қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу. Бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашуды мақсат етіп қойып, мектеп ата-аналарымен қарым-қатынас орнатып 6-ақпан күні "Менің балам ақылды" деген тақырыпта психологиялдық тренинг өтті. Бастауыш кластардан 11 ата-ана қатысты.

**Кәсіби бағыты бойынша** 9 класс оқушыларымен кәсіби бағыт-бағдар бер бағытында Оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсатында «Мен өмірге ғашықпын», «жақсы көңіл-күй жан азығы», «Менің көңіл-күйім», «Өмір неткен керемет!», «Өзін-өзі бағалау» тренинг жаттығуы сабағы жүргізілді.

Ақпан айының 25 күні «Мың мамандық бәрі бар, таңдап, талғап бірін ал!» мамандармен кездесудің 9-11 класс қыздарымен пікірталас жүргізілді. Мақсаты: мамандық таңдау кезінде оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу. Адам өмірінде мамандықтың алатын орны, маңызы туралы түсінік қалыптастыру.

«Мамандық таңдау ең маңызды қадамдардың бірі» 9 класс оқушыларымен Ақтөбе гуманитарлық колледжінің «Мамандықтың бәрі бар» бойынша ұйымдастырылған ашық есік күніне қатысты.

Мақсаты: оқушыларды мамандықты өзіне сай таңдауына ықпал ететін отбасымен мектеп мамандары да ақыл кеңестерін ортаға салып, бағыт-бағдар беру. Қорытынды: мамандық адам өміріне ең маңызды бір бөлігі, әр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше қажетті болып саналады. Ашық есік күніне қатысып, аспаз мамандығымен тереңірек танысып, шебер класта белсенділік танытты.
**Түзету-дамытушылық бағыт.** Мектебімізде бақылауды қажет ететін 11 оқушы «Қиын оқушы», 14 «Тәуекел топ» оқушы. Бұл оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп, жеке карталары жасақталды. Заречный ПБ есебінде тұрған оқушы жоқ.

Мектебімізде денсаулығына байланысты «Үйден оқыту» бойынша 14 оқушы бар, психологиялық түзету және дамыту сабағына 2 жетіде бір сағат қатысады. 2019 – 2020 оқу жылында «Үйден оқитын» оқыту тізіміне мектеп бойынша оқушы тізімге алынды.

24 қазан күні 1-2 кластар арасында «Менің қолымнан бәрі келеді» ерекше балалармен өткізілген тренинг сабағы өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың бойындағы қабілетін аша білу, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас қалыптастыру. Жан-жақтылыққа үйретіп, өздігінен еңбектенуге баулу. Мектеп психологімен логопедтің бірлескен жұмысы.

26 қазан күні «Мейірімді жүрек» қамқоршылар күні атап өтілді**,** оған қамқоршы ата-аналар шақырылып, сыйлықтар таратылып, тренинг сабағы өткізілді. Мақсаты: ата-аналардың бір-бірімен жақсы қарым-қатынас қалыптастыру, мейірімділік пен қамқорлығын одан сайын арттыру.





1 кластар арасында «Бұл әлем қандай керемет!» ерекше оқылатын оқушылармен түзету-дамыту жұмыстар жүргізілді.Мақсаты: Пән бойынша оқушының білімін дамыту, сабақ үлгерімін жақсарту. Оқушының жекелеме тапсырмалар арқылы пәнге қызығушылығын ояту. Сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, шығармашылықпен ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.

Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылармен “Мейірімділік – жылулық шуағы” атты психологиялық қолдау сабақ жүргізілді. Балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, оқушылардың психологиялық ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту.

Ақтөбе облыстық планетарийі ғаламат жұлдызды аспанның кереметтілігін дәріптейтін астрономиялық ағарту орталығына оқушылар барды. Табиғаттың тамаша құбылыстарын Күннің ұясынан шығуы мен батуын қосалқы проекциялық аппараттардың көмегімен тамашалады. Сонымен қатар жұлдызды бөлмеде астрономия, ғарыш, табиғаттану бойынша қызықты дәрістер оқылды. Планетарий фойесінде оқушылар "Күн жүйесі", "Марс планетасы" және "Еліміздің ғарышкерлері" туралы ақпараттар алды. Оқушыларға бүгінгі саяхат өте ұнады.

**Профилактикалық түзету-дамыту жұмыстары.** Әлеуметтік жағынан тұрмысы нашар 2 отбасылармен және балалармен, ерекше назардағы 14 оқушылармен құқық бұзушылықпен қараусыздықтың алдын-алу бойынша жұмыс жүргізілді. Мектеп бойынша 10 есепте тұрған және 14 тәуекел топ, 25 инклюзивті оқыту және 14 үйден оқытылатын бойынша оқытылатын оқушылар, қолайсыз отбасы балаларының жеке тұлғасын зерттеу арқылы мінез – құлықтарына педагогикалық-психологиялық мінездеме жазылды. «Артық сөзді алып таста», «Аяқталмаған сөйлем» әдісі, «Өзін-өзі бағалау», «Түсіне қарап мінез-құлқын таны», «Темпераментін анықтау», «Ағаштағы адам» тесті, «Қандай балмұздақты ұнатасың»,“Қарым-қатынаста қандаймын” тесті, Э.Вартегтің «Аяқталмаған сурет» ,А.Р.Лурияның «Есте сақтау қабілет деңгейін анықтау әдістемесі »бойынша топтағы оқушылардың психикалық жай күйі анықталды. Жүргізілген әдіс бойынша оқушылар қалыпты нәтиже көрсетті.

8 қазан күні жас мамандармен «Бүгін керемет күн!» тренингі жүргізіліп, жас мамандармен «Қай орынға отырасыз?» тесті алынды Жас мамандармен психологиялық қолдау көрсету мақсатында психологиялық ағарту жұмыстары және қарым – қатынас, сенімділік тренингтері жүргізілді.

Мектеп психологы А.Н.Изгалиеваның ұйымдастыруымен мектеп мұғалімдеріне арналған "Менің педагогикалық шеберлігім" тақырыбында тренинг өтті. Тренинг мақсаты - мұғалімдердің әр түрлі жағдайда педагогикалық шеберлікті дұрыс пайдалана білуін дамыту, педагогикалық ерекшеліктерін және эмоция жағдайларын дұрыс пайдалана білуін жаттықтыру.

**Тәрбие бағыты бойынша** 5 класс қыздары арасында танымдық сабақ өтті. Тақырыбы: «Қыз өссе – елдің көркі». Мақсаты: қыз баланың бойына ұлттық тәрбиені, имандылық қасиеттерді, халқымыздың әдет-салтын, қыз баланың ары мен абыройын, сыры мен сымбатын қалыптастыру мақсатында танымдық сабақ, психологиялық кеңес өткізілді.

6-8 класс қыз балаларымен жиналысы өтті. Мақсаты: Қыздардың бойына ұлттық тәрбиені, имандылық қасиеттерді, халқымыздың әдет-салтын, қыз баланың ары мен абройын, сырымен сымбатын қалыптастыру. Күн тәртібінде: 1.Қыз тәрбиесі туралы ДТІЖО Тұрғанбаева М.Б. 2. Жеке бас гигиенасы туралы мектеп дәрігері Утаева А. 3. Қыздарға кеңес мектеп психологы Изгалиева Н.А. 4. Қазақ халқының ибалы, инабатты,нәзік, сұлу қыздарына арналған мақал-мәтелдерге түсінік беріліп, оқушылар ойларын бөлісті. Мектеп психологы Утешева Г.Ж

8-11 сынып қыздары арасында «Жасөспірімдер арасындағы жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу» тақырыбында практикум ұйымдастырылды. Практикумның мақсаты – жасөспірім қыздардың жыныстық бостандығы мен жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың алдын алу және болдырмау. Практикум барысында Басанов Ерлан Омербаевич тұрмыстық зорлық-зомбылық, ерте жүктілікке қарсы қылмыстар Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында қарастырылғандығы жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Ата-аналар мен оқушыларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың алдын алуға көмектесу үшін қазақ және орыс тілдерінде «7 тыйым» ережесі (Правила «7 нельзя») атты ескертпелер (памятка) таратылды.

8-класс қыз балаларымен "Өзін тәрбиелеу - өмір талабы" тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: Қыз балалар арасында жағымды қасиеттерін шыңдау, әр класс қыз балалар арасында достық қасиет қалыптастыру.

8 наурыз мерекесіне ұйымдастырылған қыздар шара өтті. Мектептегі қыз балалардың мінез - құлқын қалыптастыру, оларды нәзіктікке баулу, ептілік пен шеберлігін дамыту, сондай - ақ қыздарды сұлулық, әсемділік, ұқыптылыққа үйрету мақсатында "Қыз - еркем, ақылымен көркем" атты іс - шара ұйымдастырылды. Қыздың көркі шаш. Әсіресе, қазақ қызын бұрымсыз елестету мүмкін емес. Талай ақындар жырына қосқан қыз бұрымының түрлі үлгілері, шаш күтімі туралы жан - жақты мәлімет берілді.

Мектепте **«Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны»** жұмыс жасайды, онда түскен оқушылардың, басқа да жеке тұлғалардың ойларына, сұрақтарына жеке және топтық түрде жауаптар беріліп отырылды. Биылғы жылы барлығы «Сенім жәшгіне» - **29 хат** түсті, оның ішінде мұғалім тарапынан -2 ата – ана тарапынан –1, оқушы тарапынан –26 хат түсті. «Сенім телефоны» барлығы **8 хабарлама** түсіп, оның ішінде, 8 ата - анадан, хабарлама түсті. Әр бір хатқа және қоңырауға уақытылы кеңестер мен ұсыныстар жасалып, тіркеу журналына жазылды.

Әр тұлғаның ішкі жан дүниесін тыңдай отырып, психологиялық көмек беру мақсатында, кеңес беру жұмыстары оқушылармен топтық және жеке барлығы - **82**, ата аналар үшін –6**4,** педагогтер үшін- **67** әңгімелесулер мен кеңес жұмыстары жасалынды.

Психологиялық қызметтің жоспар бойынша жасалған жұмыстарын талдау барысында қорыта келе, жүргізілген психолог жұмысы жоспарға сай жүзеге асып келді. Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, таныстырылып отырылды. Өткізілген психологиялық шаралар мектеп проблемасымен ұштастырылып отырды.

2020-2021 оқу жылында қашықтықтан оқыту форматына көшуге байланысты психологиялық қызмет **5 бағыт** бойынша жұмыс жүргізді.

1. Диогностикалық бағыт,
2. Түзету және дамыту бағыты,
3. Консультативтік бағыт,
4. Ағартушылық және профилактика бағыты,
5. Тәрбие бағыты

Қыркүйек айында жекелеген оқушылардың психологиялық - әлеуметтік жеке картасын дайындаудан бастады. Әр класс бойынша оқушының жеке картасы жасақталып, тізім жасалды.

Психологиялық қызметтің **диагностика бағыты** бойынша жүргізген зерттеу жұмысына 1-класс бойынша барлығы 382 оқушы қатысты. Психологиялық

қызметтің мектеп қабырғасына қабылданған оқушыларға психологиялық әдістеме, Керн-Йрасек төрт субтестен тұратын баланың мектепке дайындығын бағалау тестісі жүргізілді. Бұл әдістемелердің мақсаты, оқушылардың жеке даму деңгейі мен оқуға психологиялық дайындығын, оқушылардың мектеп өміріне бейімделу процесін анықтау мақсатында жүргізілді.

**Қорытынды:** Оқушылардың жалпы бейімделу деңгейі қалыпты, оқушылар өзара бір – бірімен қарым – қатынасы тұрақты қалыптасқан. Оқушылар мектеп қабырғасына, мұғалімдеріне үйреніскен, өзара үйлесімділік орнаған. Даму жағдайы жай жүріп жатқан әлі де дайындықты қажет ететін, оқу жағдайына үйренісуі Қазіргі таңда бұл оқушылармен даму деңгейі туралы класс жетекшілерді хабардар етіп, ұзақ мерзімді бейімделуді қажет ететін оқушылармен қайтара зерделей отырып,түзету және дамыту жұмыстарын жалғастыру ұсынылып, жыл бойы оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді.

Психологиялық қызметтің жылдық жоспарына сәйкес, «Келеңсіз жағдайлардың алдын – алу» жұмыстары бойынша жоспар құрылып, мектеп басшысының мөрімен бекітіліп, жұмыс жүргізіліп келеді. Мектеп бойынша оқушылардың жекелеген психологиялық-әлеуметтік жеке картасын дайындаудан басталды. «Балаға қарсы қылмыстардың ( отбасындағы) алдын-алу жұмыстары» бойынша оқушылардың психологиялық – физиологиялық хал-ахуалын зерттеу мақсатында, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Б. Турганбаева, әлеуметтік педагогтар А.Н Абдуллина, А. Аймағанбетова, мектеп психологтары С.М. Жадырасынова, А.С. Хасенова , А.Б. Алдамжарова және класс жетекшілер біріге отырып, кәмелетке толмаған, екінші(өгей) ата-аналарымен тұратын оқушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы зерттелді. Зерттей келе, мектеп бойынша 68 оқушы өгей ата-аналарымен бірге тұратыны анықталды. Әрбір оқушының үйдің сапасы, тазалық, коммуналдық жағдайлары тексерілді. Зерттеу барысында анықталды: Ата – ана мен оқушының қарым – қатынасы қалыпты, киім – кешектері таза, күтімі жақсы, әлеуметтік бейімделу жағдайлары, психологиялық көңіл – күйі қалыпты, ата – ана тәрбиесінің жауаптылығы, ата – ана тарапынан көңіл бөлу, қолдау көрсету деңгейі жоғары, отбасылық тәрбие жағдайы бойынша, жалпы қақтығыстар жоқ, психикалық зорлық – зомбылық белгілері анықталмады. Ата – аналар өз балаларына деген жауапкершілікпен қарайтындары байқалды. Әрбір оқушының сабақ оқитын орындары, қажетті оқу құралдарымен қамтылған.

10 – класс оқушыларынан онлайн **гугл форма** арқылы сауалнама алынды. Сауалнама мақсаты: оқушылардың оқу мотивациясының деңгейін, және бейімделу жағдайын анықтау мақсатында жүргізілді. Оқу мотивациясының деңгейін скринингті бағалау үшін Н. Г. Лусканова арнайы сауалнама ұсынылды. 10 сұрақтың жауаптары 0-ден 3 балға дейін бағаланады.( теріс жауап – 0 балл, бейтарап -1 балл, оң жауап – 3 балл). 30-25 балл жинаған оқушылар мектепке бейімделуінің жоғары деңгейін, 20-24 балл ортаңғы норманы, 15-19 балл ішкі мотивацияны, 10-14 балл және одан төменгі балл – мектепке деген теріс қарым – қатынасын, яғни мектеп дезадаптациясын көрсетеді. Оқушылардың оқу мотивациясын тексеру нәтижелерін саралай келе, төмендегі балл көрсеткіштері арқылы жеке – жеке талданды. Сауалнаманы қорыта келе, төмендегідей нәтижені көруге болады:

**Оқушы мотивациясын және бейімделу жағдайы**

| *Кластар* | *Жоғары* | *Орташа* | *Төмен* |
|---|---|---|---|
| 10 «А» | 59% | 38% | 2% |
| 10 «Ә» | 65% | 31% | 3% |
| 10 «Б» | 66% | 30% | 2% |

**Консультативтік бағыт бойынша** тікелей эфирде ата – аналарға брифинг өтті. Брифинг барысында психолог қызметінің барысы түсіндіріліп, ата-аналар тарапынан түскен сұрақтараға жауап берілді.







Биылғы оқу жылында қалалық ПМПК-ның қорытындысы бойынша, денсаулығына байланысты 29-оқушы «Инклюзивті оқыту бойынша» мектепте жеңілдетілген бағдарламамен оқытылады, және 10-оқушы денсаулығына байланысты үйден оқытылады. Бұл оқушыларға арнайы түзету және дамыту жұмысы бойынша жеңілдетілген формада жылдық жоспар құрылды.«Ерекше» оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары мынадай бағыттарда жүзеге асырылды:

13.10.2020 ж күні ашық аланда 9-11 класс қыз балалар арасында «***Қыз бала - ұлттың айнасы***» тақырыбында жиын өтті. Жиын мақсаты: қыз балаларды инабаттылыққа, сыпайылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Жас балалардың құқықбұзушылығына бос уақыттың көптігі, пайдалы іспен айналыспаушылық, ата-ана тарапынан бақылаудың өз дәрежесінде болмауы, құқықтық білімінің аздығы, сан саласы жақсы істермен қызықтырып, өзіне тартатын аулалық клубтардың жабылуы басты себепкер болып, мектептен бос уақытында не істерін білмей, еріккен баланың қандай болса да еліктеушілік танытуына әкеліп соғуда. Осы мақсатта қыз балаларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, «Қызға 28 – кеңес» беріліп, психологиялық сүйемелдеу жасалды.





Сөз соңында, оқушыларға уәж беру мақсатында тренинг жүргізіп, жағымды ахуалда қорытындыланды.

**Түзету және дамыту бағыты бойынша**, қазан айында 8-10 класс оқушылары арасында зум платформасы арқылы «Оқушылардың психикалық денсаулығын сақтау» тақырыбында педагогикалық-психологиялық – физиологиялық түзету және дамыту жұмысы жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың психикалық денсаулығының

маңыздылығы жөнінде хабардар болу және оларды нығайту дағдыларын арттыру, зорлық- зомбылықтың, суицидтік мінез –құлықтың және буллингтің алдын алу.

Ата –аналарға арналған «Өз балаңды интернеттен қорға!» тақырыбында онлайн WhatsApp желісі арқылы ведиоролик жіберіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Елімізде болып жатқан төтенше жағдайға байланысты, оқу процесінде балаларымызға көбірек көңіл бөліп, оқу әрекетінде еш ауыртпалықсыз әрі табысты кірісіп кету үшін, баланың денсаулығына және жан-жақты қалыптасуына аса үлкен шыдамдылықпен қарап, әр ата-ана баласына үлкен мүмкіндік беріп, қолдау жасап қасынан табылуы сұралады.

Оқушылардың көңіл-күйлерін, депрессиялық деңгейлерін анықтау мақсатында, 9 класс оқушыларынан онлайн гугл форма арқылы “Депрессиялық деңгейді анықтау ” тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамаға 118 оқушы қатысты. Сауалнама бойынша депрессиялық деңгейі төменгі баллды көрсеткен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді.

Қараша айында «Қызылжар Абай орта мектебі» ұйымының ұйымдастыруымен, “Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша ата –аналарды, педагогтарды жасөспірімдердің суицидтік мінез – құлық белгілерін тану мақсатында «Тағдыр сақшылары» атты онлайн вебинарға ZOOM платформасы арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, дәріс оқылды. Дәріс бойынша хаттама толтырылып, есеп берілді

Пандемияға байланысты оқушыларға жүргізілетін сауалнама, онлайн түрде өтті. Код нөмірлері оқушыларға жеке таратылып, 8-11 аралығындағы класс оқушыларына “Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша 625 оқушыдан сауалнама алынды, нәтижесінде 19 оқушы бақылау тобында екені анықталып, оқушымен жеке сұхбат жүргізіліп, ата-анасымен сөйлесіп кеңес берілді. Нәтижесінде оқушы психологиясы дұрыс нәтиже беріп, оқушыда ауытқушылық жоқ екені анықталды.

Психологиялық қызмет тарапынан бақылауды қажет ететін әр оқушының жеке тұлғасын зерттеу арқылы мінездеме берілді. Оқушылардың оқитын класстарының топпен жұмыс жасауын зерттеу барысында топпен психологиялық қолдау сабақтары жүргізілді. Оқушылардан “құқықбұзушылықтың алдын-алуға” арналған, “Агрессиялық мінез-құлықты” анықтайтын сауалнамалар алынып, қорытындыланды. Есепке алынған әрбір оқушының жай күйіне талдау жасалынып, оқушылармен жеке әңгімелесулер жүргізілді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп әлеуметтік педагогы, класс жетекшілер тарапынан бақылаудағы оқушылардың ата-аналарына қажетті педагогикалық көмек көрсетіліп отыр. Мектеп инспекторы А. Жубаназарованың қатысуымен оқушылардың профилактикалық іс-әрекетінің әсерін анықтап, түзету жұмыстарын жүргізілд

**Ағартушылық- профилактикалық бағыт** бойынша, жас мамандардың жанын рухани байыту, психологиялық қолдау мақсатында «Қазіргі заман мұғалімінің имиджі қандай болу керек?» тақырыбында психологиялық қолдау шарасы өтті.

2020 жылдың қараша айында 11 а, 11 ә – класс оқушылары арасында «ҰБТ – ге психологиялық дайындық» тақырыбында психологиялық қолдау сабағы өтті. Сабақ мақсаты, оқушыларға ҰБТ – ға байланысты сенімділікке үйрету, стрестік қалыптан арылту, стресті жеңуге жол көрсету, ойын арқылы өздігінен жұмыс істеуді, ойлау қабілетін дамытып, ойларын ашық айтуға дағдыландыру.

**Тәрбие бағыты бойынша** 10 класс қыз балалар арасында «Қыздарға 28 кеңес» профилактикалық отырыс өтті. Кейінгі уақытта жастар арасында құқық бұзушылық әрекеттердің көбеюі ешкімді таңқалдырмаса керек. Соның ішінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер яғни қыз балар арасындағы істелінетін қоғамдық жат қылықтары кең етек жаюда. Бұл келеңсіз жағдайдың негізгі себептері бір жағынан отбасында ата-ана мен баланың арасындағы тығыз қарым-қатынастың болмауы, ата-ананың бала тәрбиесіне жете мән бермей, немқұрайлы қарап, баланың «қарны тоқ, киімі көк» болса болдының кейпін келтіруі болса, екінші жағынан әр үйдің ерке баласы болған жастың жұдырыққа жүгініп, бірін-бірі мойындамай, «өз дегенімді істетемін» деудің салдарынан орын алуда

5,6 класс оқушылардың темперамент типтерін анықтау жұмысы бойынша гугл формада сауалнама жүргізілді. Сауалнама жұмысының мақсаты: адамда темпераменттің әртүрлі типтерінің белгілі бір пайыздық мөлшері болатынын анықтау. Бұл темпераменттік мөлшерді білу жетекшіге өзіндік бақылауды және өздеріне баға беруді тиімді атқаруға мүмкіндік туғыздырады, жұмыстың тиімді тэсілдерін, түрлерін және әдістерін дұрыс таңдауға, өз іс әрекетінде сауатты жүргізуге, адамдармен жақсы қарым қатынас орнатуға көмектесу.

5,6 – класс бойынша пайыздық мөлшерлері төмендегідей:







Көрсетілген темперамент типтері бойынша әр класс бойынша класс жетекшілерге жеке таныстырылып, ұсыныс жасалды.

**5-класс** оқушыларының бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында, гугл формада сауалнама жүргізілді. Жүргізілген әдістеме Кандашаның 30 - сұрақтан тұратын әдісі бойынша, оқушының үш түрлі қатынасы қарастырылды.
1) мектеппен және мұғаліммен арақатынасқа байланысты жағдайлар
2) өзі туралы түсініктерді өзектеу жағдайлары
3) тұлға аралық қатынас жағдайлары
**120-80 балл Ж-жоғары 79-30 М-мөлшерде 29-0 Т-төмен**

| **№** | **Қаптысқан оқушының саны** | Нәтиже | Мектепішілік | Өзін-өзі бақылау | Тұлғаралық | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | 253 | 53% | 9% | 32% | 6% | Ж- 66%,М- 32% Т-6% |

Осы әдістеме бойынша класс жетекші және пән мұғалімдері мен ата-аналарға қажетті төмендегідей ұсыныстар берілді**.**

Жүргізілген әдістер бойынша қорытынды жеке әр класс бойынша шығарылып, класс жетекшілер мен пән мұғалімдеріне ұсыныс берілді.

Оқушылардың өз мамандықтарын таңдау туралы ойларын кеңейту, нығайту мақсатында 9 - кластар арасында зум платформасы арқылы дәріс сабағы өтті. Оқушылар мамандық таңдаудың ережесімен танысып, әр түрлі мамандықтардың түрі туралы ақпарат ала отырып, өздерінің ой пікірлерін ортаға салды.

Жасөспірімнің жабығу көңіл-күйінің болмауы , өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу іс-шарасында ата-ана маңызды рөл атқаруы дұрыс. Баланың көңіл-күйі төмендеуі және жабығудың басқа белгілері байқала бастағанда-ақ аталған күйден шығару бойынша ата – ананың қолдауы маңызды. Осы мақсатта ата - аналарға арналған брифинг ұйымдастырылып, толғандырған сұрақтарына жауап берілді.







Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын – алу бағдарламасы аясында, 2-3 шкала тесті бойынша 8,10-класынан онлайн түрде гугл формада «Суицидтік мінез құлық» тақырыбында жеке сауалнама алынды. 10 «А», «Ә» – кластар бойынша:

**Мақсаты:** сауалнама шкалаларының шекті мәндерінен асырып жауап берген жасөспірімдер тобын психологиялық қолдау тобын құру және сол оқушылармен психологиялық сүйемелдеу жұмысын жүргізу.

2021 жылдың наурыз айында консультативтік бағыт бойынша, ата - аналар арасында «Ашық жүрек» жобасы аясында ZOOM платформасы арқылы прафилактикалық жұмыс жүргізілді. Жобаға Ақтөбе облысы полиция Департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының инспекторы полиция капитаны Марзакенова А.Б, Облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығының әдіскері Тоқсанбаева А.А, Ақтөбе қалалық әдістемелік кабинетінің әдіскері Кульжанова Р.Ж қатысты.

Әлемде қазіргі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған – бұл жасөспірімдердің құқықбұзушылығы ( өз – өзіне қол сұғу, үй жағдайындағы зорлық – зомбылық, ерте жүктілік) яғни балалардың зорлық – зомбылыққа ұшырауы, барлық балалар үйінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық – зомбылықпен ұшырасып отыратындығы туралы айтылып, ата – аналар ойландырған сұрақтарын қойып, жауап алды

**ZOOM платформасы арқылы «БІЛГЕНІҢНЕН БІЛМЕЙТІНІҢ КӨП ӘЛІ ...» тақырыбында жүргізілген 8,7,6 – класс қыз балаларымен жүргізілген психологиялық сүйемелдеу жұмысы өткізілді. Мақсаты:** Қыздармен әңгімелесе отырып, ар - намысын, пәктігі н, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу.







Бастауыш кластар арасында «Алғыс айту» күніне орай *«Жүректегі жылулық»* тақырыбында психологиялық тренинг сабағы өтті. Тренинг мақсаты**,** оқушылардың арасында бір – біріне жақсы қарым - қатынас орнатуға, сыйлай білуге, топтық жұмысқа, шығармашылыққа баулу.

Наурыз айында 1-11 класс жетекшілілеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында семинар – практикум өтті. Семинар барысында класс жетекшілерге оқушылардың құқықбұзушылықтар мен зорлық – зомбылықтың алдын – алу жұмыстары бойынша психологиялық кеңес беріліп, оқушылардың психологиялық тұрғыдан бейімделуі мен психо-физиологиялық және психоэмоционалдық даму деңгейін (Дж.Морено «Социометрия», «Айзенк», «Темперамент») анықтау жұмыстары туралы әдістемелік сүйемелдеу жүргізілді.

4 класс оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында, **4 класс бойынша оқушылардың орта буынға бейімделуін анықтау жұмысы гугл формада жүргізіліп, қорытындыланды.** Төмендегі кесте бойынша оқушылар төмендегідей нәтиже көрсетті.

| **№** | **Класс** | **Орта буынға бейімделу деңгейі жақсы** | **Орта буынға бейімделу деңгейі орташа** |
|---|---|---|---|
| 1 | 4 «А» | 47.8 % | 52.2% |
| 2 | 4 «Ә» | 66.7% | 33.3% |
| 3 | 4 «Б» | 54.5% | 45.5% |
| 4 | 4 «В» | 55.6% | 44.4% |
| 5 | 4 «Г» | 78.9% | 21.1% |
| 6 | 4 «Ғ» | 85.7% | 14.3% |
| 7 | 4 «Д» | 57.1% | 42.8% |
| 8 | 4 «Е» | 62.5% | 33,1% |
| 9 | 4 «К» | 75.9% | 24.1% |
| 10 | 4 «Қ» | 63.6% | 30.3% |
| 11 | 4 «Л» | 78,3% | 21.7% |
| 12 | 4 «М» | 66.7% | 33.3% |

Орта буынға бейімделуі қиын соғатын оқушылардың бейімделу кезеніндегі дизадаптациясының алдын-алу бойынша класс жетекшілерге ұсыныс берілді.

Жоспарға сәйкес, сәуір айында ҰБТ - ны тапсыру кезінде оқушылардың өзін - өзі реттеу дағдыларының қалыптаспауы, өзін - өзі бақылаудың, стреске қарсы тұру қабілетінің төмендігі және емтиханды қабылдау ерекшеліктеріне байланысты қиындықтар кездеседі. Осы қиындықтарды жеңу үшін талапкерлердің бойындағы уайымды, жан күйзелісін, қорқыныш пен үрейді төмендету үшін, 11-класс оқушыларына ҰБТ -ге дайындау кезінде оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын

қалыптастыру, өзін-өзі бақылауын, стреске қарсы тұру қабілетін дамыту, көңіл-күйін көтеру мақсатында «Мамандық таңдау маңызды іс» тақырыбында психологиялық сүйемелдеу жұмысы жүргізілді.

Оқушыларға болашақ мамандығы және оқу бағдарын таңдауға көмектесу, мамандық әлемі мен оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына, мамандықтар түрлеріне мүдделерін арттыру мақсатында, 9 класс оқушыларына "Мамандық таңдау маңызды іс" тақырыбында психологиялық сүйемелдеу сабағы өткізілді. Оқушылар өз ойларымен бөлісіп, мамандық таңдауда өз жүрек қалауларымен дұрыс шешім қабылдай алатындықтарына сенім білдірді.





Мектеп бітіруші 11 «а», «ә» - класс оқушыларының ҰБТ психологиялық дайындықтарын, өздеріне деген сенімділіктерін, бойларындағы қорқыныштарын басу мақсатында және психикалық көңіл-күйлерін көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттерін бағалай білуге, өз-өзіңізге құрметпен карауға, бір-біріңізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға, стрестен арылуға арналған «Менің алдағы іс - әрекеттерім» атты психологиялық қолдау сабағы өтті. Сабақ соңында оқушылар алдағы іс –әркеттері мен жоспарлаған мақсаттары туралы жазбалар жазып, ішкі ой – сезімдерін шығарды.

Мектепте **«Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны»** 71-25-58 жұмыс жасайды, пондемия кезінде сенім жәшігі электронды senim_doveriyu60@mail.ru түрде жұмыс жасауда онда түскен оқушылардың , басқа да жеке тұлғалардың ойларына , сұрақтарына жеке және топтық түрде жауаптар беріліп отырылды. «Электронды сенім жәшігіне» 4 хат түсті, «Сенім телефонына» **3 хабарлама** түсті. Әр бір хатқа және қоңырауға уақытылы кеңестер мен ұсыныстар жасалып, тіркеу журналына жазылды.

Қорыта келе, жүргізілген психолог жұмысы жоспарға сай жүзеге асып келді. Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, таныстырылып, өткізілген психологиялық шаралар мектеп проблемасымен ұштастырылып отырылды.

# МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫМЕН ҚАМТУ (2017-2021 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫ)

**2017-2018 оқу жылы**

Мектептің оқу жоспарын әзірлеуде Еліміздің білім беру саясатын айқындайтын құқықтық – нормативтік құжаттарды басшылыққа алу өте маңызды.

**Мектепалды даярлық сыныптарында және 1,2 – сыныптарда білім беру процесін жоспарлауда төмендегі құжаттар басшылыққа алынды:**

- ✓ ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Мектепке тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ✓ ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
- ✓ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша);
- ✓ ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;
- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі №400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі №150 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылады.

**5,7 – сыныптарда білім беру жоспарлауда төмендегі құжаттар басшылыққа алынды:**

- ✓ ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығы;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы №668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу – әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі №400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі №150 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылады.

**3-4,6,8-11 – сыныптарда білім беру процесін жоспарлауда төмендегі құжаттар басшылыққа алынды:**

- ✓ ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі-ҚР МЖМБС-2012);

- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;
- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 қарашадағы №471 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;
- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы №61 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік жоспарлары;
- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі №400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі №150 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылды.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық кластарында вариативтік оқу жүктемесінің 4 сағаты **«Мейірімділік пен әділдік мекені», «Ана тілім–дара тілім», «Қызықты математика», «Жаратылыстану пәні терминдері»** атты үйірмелерге берілді. Бұл үйірмелер оқушылады бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, имандылыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелейді және туған тілін, ана тіл туралы түсінік беру, сөздік қорын кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, өз еліне, тіліне деген сүйіспеншілікке, елжандылыққа баулиды. Сонымен қатар, оқушылардың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы білімдерін қалыптастырады.

1 сынып оқушыларына вариативтік бөлімнен 2 сағат «Қиялымдағы әлем» және «Шахмат әліппесі» үйірмелеріне берілді. **«Қиялымдағы әлем»** үйірмесі мектеп оқушыларының бүгінгі заман талабына сай танымы мен біліктілігін, белсенділігі мен тапқырлығын дамытуға бағытталған. Мұнда оқушылар ізденіп, оқып білгенін саналы да салиқалы ойлап, оны дәл жеткізе білуге үйренеді. Оқушылар өз қиялын қол өнер, ертегі, оригами, сурет арқылы жеткізе алады. Сағат санап өзгерістер еніп жатқан қоғамдағы оқиғалар мен жетістіктерден жан-жақты хабардар болады. Қажетті деректерді жинауға, оларды өз орнымен қолдануға үйренеді. Түрлі мәселелерге өз пікірін, көз қарасын, аргументтерін ашық, жасқанбай, түсінікті, тиянақты, әдепті түрде жеткізе білуге үйретеді. Белгілі бір мәселеге қарама-қарсы альтернативті тұжырым жасай білуге баулиды.

Қазіргі ақпараттандыру технологиясының кең дамыған кезінде оқушылар үлкен ауқымды ақпараттарды тез қабылдап, сараптап, логикалық қорытындылар жасай

білулері керек. Логикалық және жүйелі ойлауды қалыптастыруда шахматтың алатын орны зор. Ол оқушылардың аз уақытта ойлдарын шоғырландыруына, туған жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді және алдына қойған мақсатына жетуге, төзімділікке тәрбиелейді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Астанада өткен тез шахмат пен блиц чемпионатының ашылу салтанатында «Шахмат адамдарды тез ойлатады, шешім қабылдатады және қадам жасатады. Мен бүгінгі таңда Қазақстанның көптеген балаларының спорттың осы түрімен айналысатынына қуаныштымын» деген болатын. 1 кластардағы **«Шахмат әліппесі»** және 2 кластардағы «Шахмат» үйірмелері - шахматты үйретудің құрылымы мен мазмұны мақсатқа бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді. Шахматты үйрету жүйесі оқушылардың жеке қабілеттіліктерін айқындап, жетілдіре отырып оның тұлға ретінде жалпы жетілуі мен тәрбиесіне бағытталады. Ал **«Кіші бастауыш буындағы жаратылыстану пәні терминдері»** таңдау сабағы оқушылардың бойында ғылыми-жаратылыстану білімдерін, түсініктерін және саналы қоғамдастығы бар бірегей ғаламшар ретіндегі Жер туралы біртұтас көзқарастарын, табиғат пен қоғамның өзара жүйелі байланысын, жүйелі-кешенді ойлау мен функционалдық сауаттылықтарын дамытуға әсерін тигізеді.

3-4 кластарда оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінде 4 сағат берілген: Оның мектеп компонентінен 3 сағат: «Жемқорлықсыз әлем», «Ғажайып дүниетану», «Логика әлемі» атты таңдау сабақтарына берілді. **«Жемқорлықсыз әлем»** сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты-оның алды алу. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Болашақты жемқорлықсыз білімге талпынып, саяси, сауатты, салауатты, халқымыздың қалаулы азаматтары мен азаматшалары болып өсуге тәрбиелеуді көздейді. **«Ғажайып дүниетану»** оқушылардың қоршаған ортаның әртүрлі нысандары мен құбылыстарын оқып-үйренуге бағытталған танымдық іс-әрекеттердің әдістері мен тәсілдерін біртіндеп меңгеруін қарастырады. Оны оқып-үйренудегі негізгі мәселелер бастауыш білім беру деңгейінде оқушылардың оқу үдерісінде дүниені танып-білуі, сол арқылы оларды тәрбиелеу және дамыту болып табылады. **«Логика әлемі»** бағдарламасы оқушылардың негізгі пәндерден алған білімдерін тереңдетуді, математикалық функционалдық сауаттылығын арттыруды, қоршаған ортамен таныстырып, ойлау, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Тапсырмалар баға қоюға емес, оқыту мен дамытуға арналған. Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақ ретінде **«Әсем гүлдер» би үйірмесі** оқушылардың өнерге сүйіспеншілігін, өмірге құштарлығын, еңбекке, іскерлікке ынтасын арттыруда жеке тұлғаның қалыптасуына би өнерінің әсері ерекше. Би тек қана сырт келбетті емес, сонымен қатар сана сезімін артады және түрлі зиянды заттардан аулақ болуға баулиды. Би өнері арқылы оқушылардың ішкі рухани әлемі ашылады, оқушыларды сұлулыққа тәрбиелейді, игі қасиеттері оянады.

4 кластарда **«Art Line» сурет үйірмесі** қарастырылды. Бұл үйірме - өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру жүйесінде бейнелеу өнерінің алатын орны ерекше. Яғни, қоршаған ортаның сұлулығын көріп-түсіне білу мәдениетін тәрбиелеуге, көркем – эстетикалық сезімді, еңбек белсенділігін дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ адамды алға ұмтылуға, шыдамдылыққа, ұстамдылыққа, қол ұшын беруге әзір болуға, тұлғаның өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсетуіне мүмкіндік береді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5 кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесіне 4 сағат берілген: элективтік курстарға 3 сағат, жеке және топтық жұмыстарға 1 сағат. Біз элективті курстарға мыналарда алдық: **«Мультимедиялық технология әлемі», «Әуелейді әсем ән», «Жас бағбан».** Бұл курстар оқушылардың оқу, математикалық, ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамытуға бағытталған. Қоршаған әлемдегі ақпараттарды біліммен ұштастыру, өз бетінше білім алуға, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға, бірін-бірі тыңдауға әдеттендіреді. Музыка пәні

арқылы тәрбие беру тек ғана жекеленген нысандарды елестете ұғыну ғана емес, ол мәдениетті сезіну мен түсінудің негізі. Бұл өмірге деген эстетикалық қатынасқа тығысатын барлық үйреншікті заттарға, дағдылы әлемге жаңа қатынас орнатады. **«Әсем гүлдер» би үйірмесі** оқушылардың өнерге сүйіспеншілігін, өмірге құштарлығын, еңбекке, іскерлікке ынтасын арттыруда жеке тұлғаның қалыптасуына би өнерінің әсері ерекше. Би тек қана сырт келбетті емес, сонымен қатар сана сезімін артады және түрлі зиянды заттардан аулақ болуға баулиды. Би өнері арқылы оқушылардың ішкі рухани әлемі ашылады, оқушыларды сұлулыққа тәрбиелейді, игі қасиеттері оянады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6 кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінің мектеп компонентіне 2 сағат берілген. Олар, **«Computer science architecture»**, **«Art line».** Информатика пәнінен есептеуіш техниканың қазіргі заманға сәйкес ақпараттарымен жабдықтарын пайдаланып жөндей алатын болашақтын мамандарын даярлау мақсатында **«Computer science architecture»** компьютер архитектурасы атты факультатив курсы жүргізіледі.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінің элективті курсына 1 сағат, жеке және топтық жұмыстарына 1 сағат берілген. 7 «А», «Ә» кластарында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» тақырыбында элективті курс беріліп отыр. Бұл курс «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы мен нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті біздің оқушыларымызға көрсететін болады. Ал, қалған 7 кластарда «Әуелейді әсем ән» атты элективті курс жүреді. Мұнда оқушылар әлемдік және қазақ халқының мәдениет жетістіктерін меңгере отырып, мәдени деңгейлерін артуына септігін тигізеді. Сонымен қатар үйірме ретінде 7-8 кластарға **«Art line»** көркем сурет үйірмесі өтеді. Бұл үйірме оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға зор әсерін тигізеді деп есептейміз.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8 кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінің мектеп компонентіне 3 сағат, оқушы компонентіне 1 сағат берілген. **«Қызықты адам анатомиясы»** таңдау курсы 8 класта өтетін биология пәнінен өтетін адам туралы білімдерін тереңдете түсуге және өз денсаулығын сақтау үшін қызықты үрдістерді жан-жақты меңгереді. Оқушыларға кәсіби бағдар береді, теорияның практикамен тығыз байланыстылығын қамтиды, оқушы бойында практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастырады. **«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»** факультатив сабағы оқушыларымызға төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып еліміздің тарихы мен географиясын терең білуге мүмкіндік жасайды. **«Қазақстан энергетикасы»** факультатив сабағы еліміздің экономикалық географиясын тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9 кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінің мектеп компонентіне 3 сағат, оқушы компонентіне 1 сағат берілген. Вариативті компоненттен 9-сыныптар үшін міндетті түрде **«Зайырлылық және дінтану негіздері»** курсын оқытуға ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша 1 сағат апталық жүктеме беріледі. ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы **«Абайтану» курсы** оқыту жүзеге асырылады. **«Энергия көздерінің балама түрлері»** курсында оқушыларымыз балаламалы энергия көздері туралы алғашқы түсініктерін ала отырып, оқушылардың жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылықтарын арттырады. **«Зияткер» дебат үйірмесі** мектеп оқушыларының

бүгінгі заман талабына сай танымы мен біліктілігін, белсенділігі мен тапқырлығын дамытуға және ізденіп,оқып білгенін саналы да салиқалы ойлап, оны дәл жеткізе білуге үйрету бағытталады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстыну – математика бағыты және қоғамдық - гуманитарлық бағыты бойынша 10 кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінің мектеп компонентіне 6 сағат, оқушы компонентіне 1 сағат берілген. 2017-2018 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқау хатта көресетілген талап бойынша «Алғашқы әскери дайындық» пәні далалық оқу жиындары алғашқы әскери дайындық курсын өту бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады. Ол вариативті (өзгермелі) сағат есебінен қамтамасыз етіледі.

10 кластардың жаратылыстану-математика бағыты бойынша **«Жоғары математика есептерін шығару жолдары», «Күрделігі жоғары физикалық есептерді шығару», «Бейорганикалық заттар айналымы», «Тірі жүйелердің құрылымдық функциялары», «Мәңгілік Ел»-ұлт идеясы:тарихи таным мен тамыр»** атты қолданбалы курстары қарастырылды. Бұл қолданбалы курстары жаратылыстану-математика бағытын таңдаған оқушылардың осы бағыт бойынша терендетуге бағытталып отыр. Сонымен қатар олардың болашақта мамандық таңдауын үлкен септігін тигізеді деп ойлаймыз. Таңдау курсы ретінде екі бағытқа ортақ болып табылатын **«География және логика»** таңдау курсын ұсынып отырмыз.

10 кластардың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша «Күрделігі жоғары физикалық есептерді шығару», «Ел тану», «Эссе-шығармашылық талпыныстың алғышарты», «Мәңгілік Ел»-ұлт идеясы:тарихи таным мен тамыр», «Жоғары математика есептерін шығару жолдары» атты қолданбалы курстары қарастырылды. Бұл қолданбалы курстары қоғамдық-гуманитарлық бағытын таңдаған оқушылардың осы бағыт бойынша терендетуге бағытталып отыр. Сонымен қатар олардың болашақта мамандық таңдауын үлкен септігін тигізеді деп ойлаймыз.

11 кластардың жаратылыстану-математика бағыты бойынша **«Жоғары математика есептерін шығару жолдары», «Күрделігі жоғары физикалық есептерді шығару», «Табиғаттың тылсым сырлары», «Жаһандық экономика», «Органикалық заттар айналымы», «Мәңгілік Ел»-ұлт идеясы:тарихи таным мен тамыр** атты қолданбалы курстары қарастырылды. Ал, оқушы компонентінен **«Ел тану»** таңдау курсы ұсынылды.

11 кластардың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша **«Табиғаттың тылсым сырлары», «Жаһандық экономика», «Ел тану», «Эссе-шығармашылық талпыныстың алғышарты», «Мәңгілік Ел»-ұлт идеясы:тарихи таным мен тамыр, «Жоғары математика есептерін шығару жолдары»**. Бұл қолданбалы курстары қоғамдық-гуманитарлық бағытын таңдаған оқушылардың осы бағыт бойынша терендетуге бағытталып отыр. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт шығармашылық еркіндікті көздейді. Кез келген тақырыптың еркін стильде жазылуы оның ең негізгі көркемдігі болып табылады. Эссе - автордың жеке басының ойы, сезімі, әлемге деген көзқарасы. Бұл шығарманың басты мақсаты. Алайда, шығармашылықтың еркіндігіне қарамастан, эссе жанрында жазу оңай емес, сондықтан қандайда бір проблеманың басты идеясын табуда ерекше көзқарастың болуы керектігін назарда ұстаған дұрыс. 10-11-сыныптардағы шет тілін оқытудың басты мақсаты - білім алушылардың мәдени сұхбат жасауда, әсіресе, жастар туризмі, білім саласында өзіндік білімін көтеруде, Қазақстан Республикасында тұратын басқа ұлт өкілдерінің мәдениетімен, тұрмыс-тіршіліктерінің ерекшелігімен танысуда, Қазақстанның әлемдік мәдениетке қосқан үлесімен танысуда қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін пайдалану мүмкіндігін дамытудан тұрады. Сонымен қатар олардың болашақта мамандық таңдауын үлкен септігін тигізеді деп ойлаймыз. Ал оқушы компонентінен **«Күрделігі жоғары физикалық есептерді шығару»** оқушы компонентінен беріліп отыр.

**2018-2019 оқу жылы**

«№60 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сінің 2018-2019 оқу жылының оқу жұмыс жоспарын құруды төмендегі құжаттар мен материалдар басшылыққа алынды:

I. **мектепалды даярлық сыныптарында білім беру процесі:**

- ✓ ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- ✓ ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
- ✓ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша);

II. **1-3, 5-8 сыныптарда білім беру процесі:**

- ✓ ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары
- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары
- ✓ ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- ✓ ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- ✓ Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 23 қарашадағы №668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары
- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы
- ✓ 7 шілдедегі №432 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығы

III. **4, 9-11-сыныптарда білім беру процесі:**

- ✓ ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 қарашадағы №471 бұйрығымен бекітілген Оқыту орыс тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы №61 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары
- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары
- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары
- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары

ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша ***«Абайтану»*** (9-11-сыныптар) таңдау курстарын оқыту енгізілді.

Вариативті компоненттен 9-сыныптар үшін ***«Зайырлылық және дінтану негіздері»*** курсын оқытуға 1 сағат апталық жүктеме берілді.

***«Өмір қауіпсіздігінің негіздері»*** оқу курсының мазмұны 2-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында: 2-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4 сыныпта 10 сағат көлемінде жүргізіледі. 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 25 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен жүргізіледі. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес алғашқы әскери даярлық пәнін оқытуға келесідей оқу жүктемесі бөлінді: 10 сыныпта аптасына 1 сағат, жылына барлығы – 34 сағат, қосымша далалық оқу жиынына 30 және сынаққа 4 сағат вариативті бөлімнен қарастырылды.

***«Жол жүру ережелері»*** оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен, 5-8 сыныптарда аталған оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда сынып сағаты мен факультатив сабақтар есебінен әрбір сыныпта 10 сағат көлемінде іске асырылады.

2018-2019 оқу жылынан бастап қоғамдық танымды жаңғыртуды жүзеге асыру аясында мектеп бағдарламасына жалпы білім беретін «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» (қазақ тілінде оқытпайтын мектептер үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті»), «География», «Музыка» жалпы білім беретін оқу пәндерін толықтыратын және туған өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениетін зерттеуге ықпал ететін кіріктірілген ***«Өлкетану»*** оқу бағдарламасы енгізілді.

«Өлкетану» кіріктірілген курсының материалы 5-7-сыныптарда «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» (қазақ тілінде оқытпайтын мектептер үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті»), «География», «Музыка» оқу пәндерінің аясында оқытылады.

Оқу жүктемесінің вариативті компонентінен:

**Мектепалды даярлық сыныптарында**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Мейірімділік пен әділдік мекені | 0а,0ә,0б,0в,0г,0ғ,0д,0е,0ж,0з,0и | 1сағаттан |
| 2 | Ана тілім-дара тілім | 0а,0ә,0б,0в,0г,0ғ,0д,0е,0ж,0з,0и | 1сағаттан |
| 3 | Қызықты математика | 0а,0ә,0б,0в,0г,0ғ,0д,0е,0ж,0з,0и | 1сағаттан |
| 4 | Қоршаған ортадағы тіршілік иелерінің сыры | 0а,0ә,0б,0в,0г,0ғ,0д,0е,0ж,0з,0и | 1сағаттан |

**1-3 кластарға**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Таңдауы бойынша сабақтар** | | | |
| 1 | Тіл жүйрікте кім жүйрік? | 2а,2ә,2б,2в,2г,2ғ,2д,2к,2қ,2л,2м,2н,2о | 1 сағаттан |
| 2 | Математикалық статистика | 3а,3ә,3б,3в,3г,3ғ,3д,3е,3ж,3з,3қ,3м,3н,3о | 1 сағаттан |
| **Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар** | | | |
| 1 | Қиялымдағы әлем | 1а,1ә,1б,1в,1г,1ғ,1д,1е,1ж,1з,1и,1к,1қ,1л,1м,1н,1о,1ө,1т | 1 сағаттан |
| 2 | Шахмат әліппесі | 1а,1ә,1б,1в,1г,1ғ,1д,1е,1ж,1з,1и,1к,1қ,1л,1м,1н,1о,1ө,1т 2а,2ә,2б,2в,2г,2ғ,2д,2к,2қ,2л,2м,2н,2о | 1 сағаттан |
| 3 | Сахна мәнері | 3а,3ә,3б,3в,3г,3ғ,3д,3е,3ж,3з,3қ,3м,3н,3о | 1 сағаттан |
| 4 | Өнерлі жол өрнекпен | 3а,3ә,3б,3в,3г,3ғ,3д,3е,3ж,3з,3қ,3м,3н,3о | 1 сағаттан |

**4-кластарға**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Таңдауы бойынша сабақтар (мектеп компоненті)** | | | |
| 1 | Поэзия сатысы | 4а,4ә,4б,4в,4г,4ғ,4д,4е,4ж,4к,4қ,4л,4м | 1 сағаттан |
| 2 | Ғажайып дүниетану | 4а,4ә,4б,4в,4г,4ғ,4д,4е,4ж,4к,4қ,4л,4м | 1 сағаттан |
| 3 | Логика әлемі | 4а,4ә,4б,4в,4г,4ғ,4д,4е,4ж,4к,4қ,4л,4м | 1 сағаттан |
| **Оқушы компоненті** | | | |
| 1 | «ART line» сурет үйірмесі | 4а,4ә,4б,4в,4г,4ғ,4д,4е,4ж,4к,4қ,4л,4м | 1 сағаттан |

**5-8 кластарға**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Элективті курстар** | | | |
| 1 | «Scratch программалау ортасы» | 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В», 5 «Г», 5 «Ғ», 5 «Ж», 5 «Е», 5 «И» | 1 сағаттан |
| 2 | «Математикалық сауаттылық» | 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В», 5 «Г», 5 «Ғ», 5 «Ж», 5 «Е», 5 «И» | 1 сағаттан |
| 3 | «Ұлттық шешендік өнер» | 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В», 6 «Г», 6 «Ғ», 6 «Ж», 6 «З» | 1 сағаттан |
| 4 | «Математикалық сауаттылық» | 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В», 6 «Г», 6 «Ғ», 6 «Ж», 6 «З» | 1 сағаттан |
| 5 | «Адам – ғылым әлемінде» | 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В», 6 «Г», 6 «Ғ», 6 «Ж», 6 «З» | 1 сағаттан |
| 6 | «Таңғажайып жануарлар» | 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б» | 1 сағаттан |
| 7 | «Экологиялық химия» | 7 «В», 7 «Ғ», 7 «Д» | 1 сағаттан |
| 8 | «Денсаулық және сұлулық» | 8 «А», 8 «Ә», 8«Б», 8 «В», 8 «Ғ», 8 «Д» | 1 сағаттан |
| 9 | «Химия есептерін шығарудың тиімді әдістері» | 8 «А», 8 «Ә», 8«Б», 8 «В», 8 «Ғ», 8 «Д» | 1 сағаттан |
| **Жеке және топтық жұмыстар** | | | |
| 10 | «Әсем гүлдер» би үйірмесі | 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В», 5 «Г», 5 «Ғ», 5 «Ж», 5 «Е», 5 «И» | 1 сағаттан |
| 11 | Бейнелеу өнері «Art line» | 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В», 6 «Г», 6 «Ғ», 6 «Ж», 6 «З» | 1 сағаттан |
| 12 | «Әсем гүлдер» би үйірмесі | 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б», 7 «В», 7«Ғ», 7 «Ж», 7 «Д» | 1 сағаттан |

**9-11 кластарға**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қолданбалы курстар** | | | |
| 1 | «Зайырлылық және дінтану негіздері» | 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б», 9 «Г» | 1 сағаттан |
| 2 | «Абайтану» | 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б», 9 «Г» | 1 сағаттан |
| 3 | «Энергия көздерінің балама түрлері» | 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б», 9 «Г» | 1 сағаттан |
| 4 | «Бейорганикалық заттар айналымы» | 10 «А» | 1 сағаттан |
| 5 | «Тірі жүйелердің құрылымдық функциялары» | 10 «А» | 1 сағаттан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | «Ел тану» | 10 «Ә», 11 «А» | 1 сағаттан |
| 7 | «Эссе – шығармашылық талпыныстың алғышарты» | 10 «Ә», 11 «А» | 1 сағаттан |
| 8 | «Күрделілігі математика есептерін шығару» | 10 «А», 10 «Ә», 11 «А» | 1 сағаттан |
| 9 | «Мәңгілік Ел» - ұлт идеясы: тарихи таным мен тамыр» | 10 «А», 10 «Ә», 11 «А», 11 «Ә» | 1 сағаттан |
| 10 | «Жоғары математика есептерін шығару жолдары» | 10 «А», 10 «Ә», 11 «А», 11 «Ә» | 1 сағаттан |
| 11 | «Жаһандық экономика» | 11 «А», 11 «Ә» | 1 сағаттан |
| 12 | «Табиғаттың тылсым сырлары» | 11 «А», 11 «Ә» | 1 сағаттан |
| 13 | «Органикалық заттар айналымы» | 11 «Ә» | 1 сағаттан |
| **Жеке және топтық жұмыстар** | | | |
| 14 | «Зияткер» дебат үйірмесі | 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б», 9 «Г» | 1 сағаттан |
| 15 | «География және логика» | 10 «А», 10 «Ә» | 1 сағаттан |
| 16 | «Күрделілігі математика есептерін шығару» | 11 «А» | 1 сағаттан |
| 17 | «Ел тану» | 11 «Ә» | 1 сағаттан |

Мектептің оқу жоспарын әзірлеуде құқықтық-нормативтік құжаттармен қатар оқушылар мен ата-аналардың сұраныстары мен қажеттіліктерін ескеру өте маңызды. Себебі, оқушылар мен ата-аналардың пікірі ескерілген жағдайда мектептегі оқу-тәрбие үдерісі дұрыс және тиімді жүзеге асырылады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық топтарында вариативтік оқу жүктемесінің 4 сағаты **«Мейірімділік пен әділдік мекені», «Ана тілім–дара тілім», «Қызықты математика», «Қоршаған ортадағы тіршілік иелерінің сыры»** сабақтарына берілді.

1-класс оқушыларына вариативтік бөлімнен 2 сағат «Қиялымдағы әлем» және «Шахмат әліппесі» үйірмелеріне берілді. **«Қиялымдағы әлем»** үйірмесі мектеп оқушыларының бүгінгі заман талабына сай танымы мен біліктілігін, белсенділігі мен тапқырлығын дамытуға бағытталған.

1 кластардағы **«Шахмат әліппесі»** және 2 кластардағы «Шахмат» үйірмелері – шахматты үйретудің құрылымы мен мазмұны мақсатқа бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді.

3-4 кластарда оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінде 4 сағат берілген: Оның мектеп компонентінен 1 сағат: **«Математикалық статистика»** атты таңдау сабағына берілді. **«Математикалық статистика»** бағдарламасы оқушылардың негізгі пәндерден алған білімдерін тереңдетуді, математикалық функционалдық сауаттылығын арттыруды, қоршаған ортамен таныстырып, ойлау, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақ ретінде **«Сахна мәнері», «Өнерлі жол өрнекпен»** оқушылардың өнерге сүйіспеншілігін, өмірге құштарлығын, еңбекке, іскерлікке ынтасын арттыруда жеке тұлғаның қалыптасуына би өнерінің әсері ерекше.

4-кластарда **«Art Line» сурет үйірмесі** қарастырылды. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 4- кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесіне 4 сағат берілген: элективтік курстарға 3 сағат, жеке және топтық жұмыстарға 1 сағат. Біз элективті курстарға мыналарда алдық: **«Поэзия сатысы», «Ғажайып дүниетану», «Логика әлемі».**

5-кластарда жүргізілетін **«Әсем гүлдер» би үйірмесі** оқушылардың өнерге сүйіспеншілігін, өмірге құштарлығын, еңбекке, іскерлікке ынтасын арттыруда жеке тұлғаның қалыптасуына би өнерінің әсері ерекше. Би тек қана сырт келбетті емес, сонымен қатар сана сезімін артады және түрлі зиянды заттардан аулақ болуға баулиды.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінің мектеп компонентіне 1 сағат берілген. 6-кластарда **«Art Line» сурет үйірмесі** қарастырылды. **«Ұлттық шешендік өнер»** факультатив сабағы арқылы  оқушылар қазақ би-шешендерінің құнарлы шешендік сөздерімен, толғауларымен танысатын болады. Ал,  **«Математикалық сауаттылық»** факультатив сабағы оқушылардың математика сабағында игерген білімін тереңдетіп, логикалық есептерді шығару жолдарын меңгеруге үлкен септігін тигізеді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7-кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінің элективті курсына 1 сағат, жеке және топтық жұмыстарына 1 сағат берілген. 7 «А», «Ә», «Б» кластарында  **«Таңғажайып жануарлар»** тақырыбында элективті курс беріліп отыр. Бұл курс  «Таңғажайып жануарлар» курсы – біз біле бермейтін жануарлардың тіршілігін кеңінен оқып-білеуге арналған. Ал, қалған 7-кластарда **«Экологиялық химия»** атты элективті курс жүреді. Мұнда оқушылар химиялық заңдылықтарды жан-жақты оқып, танысатын болады.  Сонымен қатар үйірме ретінде 7-8 кластарға **«Әсем гүлдер»** би  үйірмесі өтеді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8-кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінің мектеп компонентіне 2 сағат, оқушы компонентіне 1 сағат берілген. **«Денсаулық және сұлулық»** таңдау курсы 8-класта өтетін биология пәнінен өтетін адам туралы білімдерін тереңдете түсуге және өз денсаулығын сақтау үшін қызықты үрдістерді  жан-жақты меңгереді.  **«Химия есептерін шығарудың тиімді әдістері»** факультатив сабағы оқушыларымызға химия есептерінің қыр-сырын тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді. 8-кластарда жүргізілетін  **«Әсем гүлдер» би үйірмесі** оқушылардың өнерге сүйіспеншілігін, өмірге құштарлығын, еңбекке, іскерлікке ынтасын арттыру мақсатында бөлінді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9-кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінің мектеп компонентіне 3 сағат, оқушы компонентіне 1 сағат берілген.  Вариативті компоненттен 9-сыныптар үшін міндетті түрде **«Зайырлылық және дінтану негіздері»** курсын оқытуға ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша 1 сағат апталық жүктеме беріледі. ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы **«Абайтану» курсы** оқыту жүзеге асырылады. **«Энергия көздерінің балама түрлері»** курсында оқушыларымыз балаламалы энергия көздері туралы алғашқы түсініктерін ала отырып, оқушылардың жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылықтарын арттырады. **«Зияткер» дебат үйірмесі** мектеп оқушыларының бүгінгі заман талабына сай танымы мен біліктілігін, белсенділігі мен тапқырлығын дамытуға және  ізденіп, оқып білгенін саналы да салиқалы ойлап, оны дәл жеткізе білуге үйрету бағытталады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстыну-математикалық бағыт және қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10-кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінің мектеп компонентіне 6 сағат, оқушы компонентіне 1 сағат берілген.

10-кластардың ***қоғамдық-гуманитарлық  бағыты*** бойынша «**Мәңгілік Ел»-ұлт идеясы: тарихи таным мен тамыр», «Ел тану», «Эссе – шығармашылық талпыныстың алғышарты», «Күрделігі жоғары физикалық есептерді шығару», «Жоғары математика есептерін шығару жолдары»**атты қолданбалы курстары қарастырылды. Бұл қолданбалы курстары қоғамдық-гуманитарлық  бағытын таңдаған оқушылардың осы бағыт бойынша терендетуге бағытталып отыр. Сонымен қатар олардың болашақта мамандық таңдауын үлкен септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Таңдау курсы ретінде екі бағытқа ортақ болып табылатын **«География және логика»** таңдау курсын ұсынып отырмыз.

10-кластардың ***жаратылыстану-математика бағыты*** бойынша **«Жоғары математика есептерін шығару жолдары», «Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару», «Бейорганикалық заттар айналымы», «Тірі жүйелердің құрылымдық функциялары», «География және логика»** атты қолданбалы курстары қарастырылды. Бұл қолданбалы курстары жаратылыстану-математика бағытын таңдаған оқушылардың осы бағыт бойынша терендетуге бағытталып отыр. Сонымен қатар олардың болашақта мамандық таңдауын үлкен септігін тигізеді деп ойлаймыз. Таңдау курсы ретінде екі бағытқа ортақ болып табылатын **«Мәңгілік Ел»-ұлт идеясы: тарихи таным мен тамыр»** таңдау курсын ұсынып отырмыз.

11-кластардың ***жаратылыстану-математика бағыты*** бойынша **«Жоғары математика есептерін шығару жолдары», «Күрделігі жоғары физикалық есептерді шығару», «Табиғаттың тылсым сырлары», «Жаһандық экономика», «Органикалық заттар айналымы», «Мәңгілік Ел»-ұлт идеясы: тарихи таным мен тамыр**атты қолданбалы курстары қарастырылды. Ал, оқушы компонентінен **«Ел тану»** таңдау курсы ұсынылды.

11-кластардың ***қоғамдық-гуманитарлық бағыты*** бойынша **«Табиғаттың тылсым сырлары», «Жаһандық экономика», «Ел тану», «Эссе-шығармашылық талпыныстың алғышарты», «Мәңгілік Ел»-ұлт идеясы: тарихи таным мен тамыр, «Жоғары математика есептерін шығару жолдары»**. Бұл қолданбалы курстары қоғамдық-гуманитарлық бағытын таңдаған оқушылардың осы бағыт бойынша терендетуге бағытталып отыр. Сонымен қатар, олардың болашақта мамандық таңдауын үлкен септігін тигізеді деп ойлаймыз. Ал оқушы компонентінен **«Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару»** оқушы компонентінен беріліп отыр.

**2019-2020 оқу жылы**

«№60 жалпы білім беретін орта мектеп КММ-сінің 1-11 сыныптарында 2019-2020 оқу жылының оқу жұмыс жоспарын құруды төмендегі құжаттар мен материалдар басшылыққа алынды.

1-4 сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру үшін:

- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлкеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 карашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығымен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларымен);
- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 Бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалы («Информатика» пәні бойынша 2018 жылғы 17 қазандағы №576 бұйрықпен бекітілген толықтырулар мен өзгертулер);
- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқ жоспарлары;
- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;

- ✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі №400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы №192 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылады;

5-10 сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру үшін:

- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы №545 бұйрықпен өзгерістер ен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 3 сәуірдегі №352 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;
- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылды;

Ағылшын тілінде кіріктіріліп оқытылатын жаратылыстану бағытындағы 8,9-кластардағы «Химия», «Физика» оқу пәндері бойынша инварианттық компоненттен аптасына 2 сағаттан, «Информатика» оқу пәні бойынша аптасына 1 сағаттан бөлінді:

Химия – 2 сағаттан – 8 «Г», 9 «Г» кластары

Физика – 2 сағаттан – 8 «А», 9 «Д» кластары

Информатика – 1 сағаттан – 8 «Ә», 9 «Ә» кластары

1-9 кластардың оқу жұмыс жоспары бастауыш және негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары негізінде, 10-кластың оқу жұмыс жоспары жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары негізінде жасалды.

2019-2020 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» кіріктірілген оқу бағдарламасы (бұдан әрі – ӨҚН) міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс.

Осыған байланысты «ӨҚН» курсын оқыту:

– 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында;

– 5-9-сыныптарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында;

–10-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында жүзеге асырылады.

Жаңа оқу бағдарламасына сәйкес ӨҚН-нің әр тақырыбын «Дүниетану», «Дене шынықтыру» және «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндерімен байланыстыру қарастырылады, бұл білім беру курсының оқу міндеттілігін қамтамасыз етеді.

2019-2020 оқу жылында жалпы білім беретін мектептерде «ӨҚН» курсы 10-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» жаңа пәнінің аясында оқытылады.

«Абайтану» курсы курсы оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Курстың білім мазмұны ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары,білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыруға бағытталған.

**11-сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру үшін:**

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Жалпы білім беретін мектептердің 9-10-11-сыныбына арналған «Абайтану» курсын ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компоненті есебінен жүргізу жоспарланды.

Курс жүктемесінің көлемі:

9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

11-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Курс бойынша білім алушылардың оқу жетістігін ағымдық бағалау, сондай-ақ емтихан және ұлттық бірыңғай тестілеу жүргізілмейді.

## Бастауыш білім сатысы

2019-2020 оқу жылында 1-2 сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығымен 1-қосымша, 3-4 сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрық 1-қосымшамен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары қолданылды.

### Вариативті компонент:

**1-4 кластарға**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Таңдауы бойынша сабақтар** | | | |
| 1 | Орамды сөз-ой көркі | 2а,2ә,2б,2в,2г,2ғ,2д,2к,2қ,2л,2м,2н,2о,2ө,2т | 1 сағаттан |
| 2 | Математикалық статистика | 3а,3ә,3б,3в,3г,3ғ,3д,3е,3ж,3з,3қ,3м,3н,3о | 1 сағаттан |
| | | 4а,4ә,4б,4в,4г,4ғ,4д,4е,4ж,4к,4қ,4л,4м,4н,4о | |
| **Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар** | | | |
| 1 | Тіл әлеміне саяхат | 1а,1ә,1б,1в,1г,1ғ,1д,1е,1ж,1з,1и,1к,1қ,1л,1м,1н,1о,1ө,1т | 1 сағаттан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Қиялда, ойла, құрастыр | 1а,1ә,1б,1в,1г,1ғ,1д,1е,1ж,1з,1и,1к,1қ,1л,1м,1н,1о,1ө,1т 2а,2ә,2б,2в,2г,2ғ,2д2е,2ж,2з,2и,2к,2қ,2л,2м,2н,2о,2ө,2т | 1 сағаттан |
| 3 | Сырлы сөз | 3а,3ә,3б,3в,3г,3ғ,3д,3е,3ж,3з,3қ,3м,3н,3о | 1 сағаттан |
| 4 | Шахмат | 3а,3ә,3б,3в,3г,3ғ,3д,3е,3ж,3з,3қ,3м,3н,3о | 1 сағаттан |
| 5 | «ART line» сурет үйірмесі | 4а,4ә,4б,4в,4г,4ғ,4д,4е,4ж,4к,4қ,4л,4м,4н,4о | 1 сағаттан |
| 6 | Поэзия сатысы | 4а,4ә,4б,4в,4г,4ғ,4д,4е,4ж,4к,4қ,4л,4м,4н,4о | 1 сағаттан |

**Негізгі орта білім берудің вариативтік компонентінен 5-9 кластарға төмендегідей элективтік курстар берілді:**

**5-8 кластарға**

| Элективті курстар | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | «Экологиялық этика» | 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В», 5 «Г», 5 «Ғ», 5 «Ж», 5 «Е», 5 «Ж», 5 «К», 5 «Қ», 5 «Л», 5 «М» | 1 сағаттан |
| 2 | «Математикалық сауаттылық» | 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В», 5 «Г», 5 «Ғ», 5 «Ж», 5 «Е», 5 «Ж», 5 «К», 5 «Қ», 5 «Л», 5 «М» | 1 сағаттан |
| 3 | «Экологиялық этика» | 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В», 6 «Г», 6 «Ғ», 6 «Ж», 6 «И» | 1 сағаттан |
| 4 | «Математикалық сауаттылық» | 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В», 6 «Г», 6 «Ғ», 6 «Ж», 6 «И» | 1 сағаттан |
| 5 | «Мәнерлеп оқу техникасы» | 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В», 6 «Г», 6 «Ғ», 6 «Ж», 6 «И» | 1 сағаттан |
| 6 | «Мәнерлеп оқу техникасы» | 6 «Д», 6 «З» (орыс кластары) | |
| 7 | «Экологиялық этика» | 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б», 7 «В», 7 «Ғ», 7 «Ж», 7 «З» | 1 сағаттан |
| 8 | «Заң және заман» | 8 «А», 8 «Ә», 8«Б», 8 «В», 8 «Ғ», 8 «Д», «Е» | 1 сағаттан |
| 9 | «Топонимдер – өткен заманның куәгерлері» | 8 «А», 8 «Ә», 8«Б», 8 «В», 8 «Ғ», 8 «Д», «Е», 8 «Г» | 1 сағаттан |

**9-кластарға**

| Қолданбалы курстар | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | «Абайтану» | 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б», 9 «Г», 9 «Ғ», 9 «Д» | 1 сағаттан |
| 2 | «Зайырлылық және дінтану негіздері» | 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б», 9 «Г», 9 «Ғ», 9 «Д» | 1 сағаттан |
| 3 | «Химия есептерін тиімді әдістермен шығару» | 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б», 9 «Г», 9 «Ғ», 9 «Д» | |

Мектептің оқу жоспарын әзірлеуде құқықтық-нормативтік құжаттармен қатар оқушылар мен ата-аналардың сұраныстары мен қажеттіліктерін ескеру өте маңызды. Себебі, оқушылар мен ата-аналардың пікірі ескерілген жағдайда мектептегі оқу-тәрбие үдерісі дұрыс және тиімді жүзеге асырылады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9-кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінің мектеп компонентіне 3 сағат, оқушы компонентіне 1 сағат берілген. Вариативті компоненттен 9-сыныптар үшін міндетті түрде **«Зайырлылық және дінтану негіздері»** курсын оқытуға ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша 1 сағат апталық жүктеме

беріледі. ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы **«Абайтану» курсы** оқыту жүзеге асырылады.

**_Жалпы білім беру сатысы_**

**10-кластардағы тереңдетілген, стандартты деңгейдегі пәндер мен вариативті сағаттан бөлінген таңдау курстары:**

**Жаратылыстану-математикалық (қазақ класы)** бағыт бойынша <u>тереңдетілген деңгей</u>

Биология – 4 сағаттан (10 «А», «Ә»)

География – 4 сағаттан (10 «А», «Ә»)

Жаратылыстану-математикалық (қазақ класы) бағыт бойынша <u>стандарттық деңгей</u>

Дүниежүзі тарихы – 2 сағаттан (10 «А», «Ә»)

**Вариативтік бөлімнен:**

Жаратылыстану-математикалық (қазақ класы) бағыт бойынша

«Абайтану» курсы – 1 сағаттан (10 «А», «Ә»)

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық – 1 сағаттан (10 «А», «Ә»)

Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару – 2 сағаттан (10 «А», «Ә»)

Жоғары математика есептерін шығару жолдары – 1 сағаттан (10 «А», «Ә»)

Химия – 1 сағаттан (10 «А», «Ә»)

**Қоғамдық-гуманитарлық (орыс класы) бағыт бойынша** <u>тереңдетілген деңгей</u>

Всемирная история – 3 сағаттан (10 «Б»)

География – 3 сағаттан (10 «Б»)

Қоғамдық-гуманитарлық (орыс класы) бағыт бойынша <u>стандарттық деңгей</u>

Физика – 2 сағаттан (10 «Б»)

Химия – 2 сағаттан (10 «Б»)

**Вариативтік бөлімнен:**

Қоғамдық-гуманитарлық (орыс класы) бағыт бойынша

Функции строение живых организмов – 1 сағаттан (10 «Б»)

Страноведение – 1 сағаттан (10 «Б»)

Нв и ТП – 1 сағаттан (10 «Б»)

11-кластардың жаратылыстану-математика бағыты бойынша **«Жоғары математика есептерін шығару жолдары», «Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару», «Табиғаттың тылсым сырлары», «Жаһандық экономика», «Органикалық заттар айналымы», «Мәңгілік Ел» – ұлт идеясы: тарихи таным мен тамыр**атты қолданбалы курстары қарастырылды. Ал, оқушы компонентінен **«Ел тану»** таңдау курсы ұсынылды.

11-кластардың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша **«Табиғаттың тылсым сырлары», «Жаһандық экономика», «Ел тану», «Эссе – шығармашылық талпыныстың алғышарты», «Мәңгілік Ел» – ұлт идеясы:тарихи таным мен тамыр, «Жоғары математика есептерін шығару жолдары»**. Бұл қолданбалы курстары қоғамдық-гуманитарлық бағытын таңдаған оқушылардың осы бағыт бойынша терендетуге бағытталып отыр. Сонымен қатар, олардың болашақта мамандық таңдауын үлкен септігін тигізеді деп ойлаймыз. Ал оқушы компонентінен **«Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару»** оқушы компонентінен беріліп отыр.

Мектептің оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ережелерге сәйкес жалпы оқу жүктеме мөлшері құрастырылды.

## 2020-2021 оқу жылы

«№60 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сінің 1-11 сыныптарында 2020-2021 оқу жылының оқу жұмыс жоспарын құруда төмендегі құжаттар мен материалдар басшылыққа алынды:

**I. 1-4 сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру үшін:**

- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары

(2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығымен бекітіліген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 Бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары ("Информатика" пәні бойынша 2020 жылғы 05 мамырдағы №182 бұйрықпен бекітілген толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп, 1,2 кластардан алынып тасталынды. 3-4 сыныптарда «цифрлық сауаттылық» оқу пәні іске асырылады)
- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;
- ✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі №400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы №192 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылады;

**II. 5-9 сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру үшін:**

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы №545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 3 сәуірдегі №352 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)

- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылды;
- ✓ Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы.

**III. 10-11 сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру үшін:**

- ✓ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына 70-қосымша «Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін "Информатика" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы»
- ✓ Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы.

Ағылшын тілінде кіріктіріліп оқытылатын жаратылыстану бағытындағы 8,9,10-кластардағы «Химия», «Физика», «Информатика» оқу пәндері бойынша инварианттық компоненттен аптасына 2 сағаттан бөлінді:

Химия – 2 сағаттан – 9 «В», 8 «А», «10Г», «9Ғ», «8Ә» кластары

Физика – 2 сағаттан – 10 «Б», 8 «Г» кластары

Информатика – 1 сағаттан – 9 «Ғ» кластары

1-9 кластардың оқу жұмыс жоспары бастауыш және негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары негізінде, 10,11-кластың оқу жұмыс жоспары жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары негізінде жасалды.

2020-2021 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» кіріктірілген оқу бағдарламасы (бұдан әрі – ӨҚН) міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың

төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс.

Осыған байланысты «ӨҚН» курсын оқыту:

– 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында;

– 5-9-сыныптарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында;

–10-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында жүзеге асырылады.

Жаңа оқу бағдарламасына сәйкес ӨҚН-нің әр тақырыбын «Дүниетану», «Дене шынықтыру» және «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндерімен байланыстыру қарастырылады, бұл білім беру курсының оқу міндеттілігін қамтамасыз етеді.

2020-2021 оқу жылында жалпы білім беретін мектептерде «ӨҚН» курсы 10-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» жаңа пәнінің аясында оқытылады.

«Абайтану» курсы оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Курстың білім мазмұны ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары,білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыруға бағытталған.

**Бастауыш білім сатысы**

2020-2021 оқу жылында 1-2 сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығымен 1-қосымша, 3-4 сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрық 1-қосымшамен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары қолданылды.

Мектептің оқу жоспарын әзірлеуде құқықтық-нормативтік құжаттармен қатар оқушылар мен ата-аналардың сұраныстары мен қажеттіліктерін ескеру өте маңызды. Себебі, оқушылар мен ата-аналардың пікірі ескерілген жағдайда мектептегі оқу-тәрбие үдерісі дұрыс және тиімді жүзеге асырылады.

Қазақ кластарының 1-сынып оқушыларына вариативтік бөлімнен 2 сағат **«Тіл әлеміне саяхат»** және **«Қиялда, ойла, құрастыр»** курстары берілді. «Тіл әлеміне саяхат» курсы - оқушыларды ойды көркем жеткізуге үйретуді көздейді. «Қиялда, ойла, құрастыр» курсы - мектеп оқушыларының бүгінгі заман талабына сай танымы мен біліктілігін, белсенділігі мен тапқырлығын дамытуға бағытталған.

2 кластарда **«Орамды сөз-ой көркі» -** бастауыш класс оқушыларын сауатты оқи отырып, түсінгенін сауатты түрде жүйелі айта білуге, айтылатын ойға байланысты дауыс ырғағын келтіріп, сөйлей білуге үйрету, Мақал - мәтел, нақыл сөздер, шешендік сөздер, ертегілер, аңыз - әңгімелерді оқыту арқылы сөздік қорын, сөйлеу қабілетін ,тіл байлығын дамытуға бағытталған.

3-4 кластарда оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінде 3 сағат берілген: Оның мектеп компонентінен 1 сағат: **«Математикалық статистика»** атты таңдау сабағына берілді. «Математикалық статистика» бағдарламасы - оқушылардың негізгі пәндерден алған білімдерін тереңдетуді, математикалық - функционалдық сауаттылығын арттыруды, қоршаған ортамен таныстырып, ойлау, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақ ретінде **«Шахмат», «Сырлы сөз», «Поэзия сатысы»** оқушылардың өнерге сүйіспеншілігін, өмірге құштарлығын, еңбекке, іскерлікке ынтасын арттыруда жеке тұлғаның қалыптасуына әсері ерекше.

При составлении учебного плана учитывались не только нормативно-правовые документы, но и мнение учащихся и родителей. Потому что, только при тесном сотрудничестве возможен успешный учебно-воспитательный процесс.

В 1-х классах с русским языком обучения были предусмотрены курсы **«В мире книг», «Умелые ручки»**. Курс **«В мире книг»** способствует расширению читательского пространства, реализации дифференцированного обучения и развитию индивидуальных возможностей каждого ребёнка, воспитанию ученика-читателя. Занятие поможет решать задачи эмоционального, творческого, литературного, интеллектуального развития ребёнка, а также проблемы нравственно-этического воспитания, так как чтение для ребёнка – и труд, и творчество, и новые открытия, и удовольствие и самовоспитание. **«Умелые ручки»** здесь наибольшие возможности для развития творческих способностей детей младшего школьного возраста предоставляет образовательная область

«Технология». Однако, по базисному учебному плану на изучение курса «Технология» отводится всего 1 час в неделю. Этого явно недостаточно для развития детского творчества. Улучшить ситуацию можно за счет проведения кружковой работы.

Во 2-х классах отведен из вариативного компонента 1 час. Курс **«Мир логики»** предназначен для детей сознательно использовать основные мыслительные операции: сравнивать и находить закономерности, классифицировать, давать определения, использовать алгоритм, строить умозаключения, рассуждать и делать выводы, т.е. грамотно обращаться с информацией.

В 3-классах выделено 2 вариативных часа: из школьного компонента 2 часа отведен на индивидуальные и групповые консультации, занятия развивающего характера. Курс **«Речь, театр и искусство»** предназначен для углубленного изучения основного предмета, расширения мышления и творческой фантазии учеников.

Для развития логического мышления учащихся 3-х классов были предусмотрены курс **«Шахмат».** Процесс обучения шахматам помогает детям ориентироваться на плоскости, учит их запоминать, сравнивать, обобщать, предвидеть результаты своей деятельности, способствует совершенствованию таких ценнейших качеств, как усидчивость, внимательность, терпеливость,изобретательность.

Для 4-х классов создан художественное заняте **«Art line».** В 4-х классах с русским языком обучения вариативной частью базового учебного плана предусмотрено 1 час, на индивидуальные и групповые занятия 1 час.

**Вариативті компонент:**

**1-4 кластарға**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Таңдауы бойынша сабақтар** | | | |
| 1 | Орамды сөз-ой көркі | 2а,2ә,2б,2в,2г,2ғ,2д,2е,2ж,2з,2и,2к,2қ,2л,2м,2н,2о,2ө,2т | 1 сағаттан |
| 2 | Математикалық статистика | 3а,3ә,3б,3в,3г,3ғ,3д,3е,3ж,3з,3и,3к,3қ,3л,3м,3н,3о,3ө,3т | 1 сағаттан |
| | | 4а,4ә,4б,4в,4г,4ғ,4д,4е,4к,4қ,4л,4м,4н,4о | 1 сағаттан |
| **Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар** | | | |
| 1 | Тіл әлеміне саяхат | 1а,1ә,1б,1в,1г,1ғ,1д,1е,1ж,1з,1и,1к,1қ,1л,1м,1ө | 1 сағаттан |
| 2 | Умелые ручки | 1н,1о | 1 сағаттан |
| 3 | В мире книг | 1н,1о | 1 сағаттан |
| 4 | Қиялда, ойла, құрастыр | 1а,1ә,1б,1в,1г,1ғ,1д,1е,1ж,1з,1и,1к,1қ,1л,1м,1ө 2а,2ә,2б,2в,2г,2ғ,2д,2е,2ж,2з,2и,2к,2қ,2л,2м,2н,2о,2ө,2т | 1 сағаттан |
| 5 | В мире логики | 2п,2р,2с | 1 сағаттан |
| 6 | Сырлы сөз | 3а,3ә,3б,3в,3г,3ғ,3д,3е,3ж,3з,3и,3к,3қ,3л,3м,3н,3о,3ө,3т | 1 сағаттан |
| 7 | Шахмат | 3а,3ә,3б,3в,3г,3ғ,3д,3е,3ж,3з,3и,3к,3қ,3л,3м,3н,3о,3ө,3п,3р,3с,3т | 1 сағаттан |
| 8 | Речь, театр и искусство | 3п,3р,3с | 1 сағаттан |
| 9 | «ART line» сурет үйірмесі | 4а,4ә,4б,4в,4г,4ғ,4д,4е,4ж,4з,4и,4к,4қ,4л,4м,4н,4о | 1 сағаттан |
| 10 | Поэзия сатысы | 4а,4ә,4б,4в,4г,4ғ,4д,4е,4к,4қ,4л,4м,4н,4о | 1 сағаттан |

**Негізгі орта білім берудің вариативтік компонентінен 5-9 кластарға төмендегідей элективтік курстар берілді:**

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5 кластардың оқу жоспарында вариативтік компонентінде элективті курсқа 2 сағат, жеке және топтық жұмыстарға 1 сағат берілген. Олар: **«Занимательная грамматика»** Цель: Формирование

коммуникативных умений учащихся, развитие готовности и способности к речевому взаимодействию, взаимопониманию на языке межнационального общения, пробуждение у учащихся интереса к изучению русского языка. **«Экологиялық этика»** элективті курсы. Мақсаты: Оқушылардың экологиямен және тіршіліктегі түрлі үрдістердің ерекшеліктерімен таныстырып, экология ғылымының негізгі заңдарын, олардың практикалық қолданыстарын түсіндіріп, өмірде қолдана білуге бағыт бағдар бере отырып, өздігінен қорытынды шығаруға машықтандыру, оқушылардың экология пәніне деген қызығушылығын арттыру. Ерте заманнан қалыптасып, халқымыздың аса бай мұрасымен бірдей дамыған би өнері туралы, қазақтың белгілі бишілері жайлы тиянақты түсінік беру. Оқушылардың дене бітімін шыныктырып, күшейту. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Биді түсіну және билеу қабілетін қалыптастыру. Өзін – өзі ұстай білуге тәрбиелеу мақсатында **«Әсем гүлдер»** би өнері жеке және топтық жұмыстарға бөлінген.

В 5 классах с русским языком обучения на индивидуальные и групповые консультации и занятия развивающего характера отводится 1 час. Хореография «Грация», цель: всестороннее развитие ребенка – формированиеи развитие способностей и качеств личностей, посредством музыки и ритмических движений.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6 кластардың оқу жоспарында вариативтік компонентінде элективті курсқа 3 сағат, жеке және топтық жұмыстарға 1 сағат берілген. Олар: **«Математикалық сауаттылық»** Мақсаты: Дарынды балалармен пәндік олимпиада мен конкурстар төңірегінде жұмыс жасау; **«Жас ботаник»** Мақсаты: Ботаника өсімдіктердің ішкі және сыртқы құрылыс заңдылықтарын, жүйелерін, тіршілік әрекеттерін, таралу ерекшелігін, ортамен қарым – қатынасын өсімдіктер жабынының құрылысын зерттеуге баулу; **«Экологиялық этика»** элективті курсы. Мақсаты: Оқушылардың экологиямен және тіршіліктегі түрлі үрдістердің ерекшеліктерімен таныстырып, экология ғылымының негізгі заңдарын, олардың практикалық қолданыстарын түсіндіріп, өмірде қолдана білуге бағыт бағдар бере отырып, өздігінен қорытынды шығаруға машықтандыру, оқушылардың экология пәніне деген қызығушылығын арттыру. **«RoboLand курс робототехникасы»** жеке және топтық консультациялар, дамытушылық сипаттағы сабақтарға бөлінді. Мақсаты: Жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Робототехника, ғылыми-техникалық білім, технологиялық шығармашлыққа жетелеу.

В 6 классах с русским языком обучения на индивидуальные и групповые консультации и занятия развивающего характера отводится 1 час. «**RoboLand курс робототехники**», цель: Первичное знакомство с принципами **робототехники** и доведении до необходимого уровня знаний и умений всех учащихся. Элективный курс **«Юный ботаник».** Цель: Освоение приемов выращивания и размножения растений в домашних условий и ухода за ними.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 кластардың оқу жоспарында вариативтік компонентінде элективті курсқа 1 сағат, жеке және топтық жұмыстарға 1 сағат берілген. Олар: **«Химия әлеміне саяхат»** Мақсаты: Оқушылардың химия ғылымына деген құштарлығын арттыру, танымдық белсенділігін тереңдету. Химия пәні бойынша алғырлыққа, ізденуге, терең білімдікке баулу. **«Мультимедиялық технологиялар»** жеке және топтық консультациялар, дамытушылық сипаттағы сабақтарға бөлінді. Мақсаты: Компьютерлік графикамен, суреттермен, бейнеақпараттармен, анимациямен, мәтіндермен, жоғары сапалы дыбыстармен жұмыс істеуді қамтамасыз етуге үйрету.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8 кластардың оқу жоспарында вариативтік компонентінде элективті курсқа 2 сағат, жеке және топтық жұмыстарға 1 сағат берілген. Олар: **«Денсаулық мектебі».** Мақсаты: Оқушылардың денсаулығын сақтауға жауапкершілігін арттыру. **«Қазақ тілінің грамматикасы»** Мақсаты:

Оқушыларға қазақ тілінің грамматикасы бойынша тереңірек теориялық білім беру, әсіресе бағдарламада жете тоқталмаған тақырыптарды қарастырып, сол негізде оқушыларда білім, білік дағдысын қалыптастыру.

Жеке және топтық консультациялар, дамытушылық сипаттағы сабақтарға **«60 Live tv Телеарна мектебі»** бөлінді. Мақсаты: Тікелей эфир бойынша мектепте өткізілетін «Сыр-сұхбат», «Қорытынды жаңалықтар», «Халықпен бірге» «АВС дәрістері» бағдарламаларының тілшісі болу және осы бағдарламалар арқылы оқушылардың телеарна саласы бойынша еркін сөйлеуге дамыту, меңгеру.

В 8 классах с русским языком обучения на элективные курсы отводится 1 час. «**Школа здоровья**», цель: создана в целях сохранения и укрепления здоровья обучающихся, развития культуры здорового образа жизни всех участников образовательного процесса.

**5-8 кластарға**

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Элективті курстар** | | |
| 1 | «Занимательная грамматика» | 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В», 5 «Г», 5 «Ғ», 5 «Д», 5 «Е», 5 «Ж», 5 «З», 5 «Қ», 5 «М», 5 «Н», 5 «О» | 1 сағаттан |
| 2 | «Экологиялық этика» | 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В», 5 «Г», 5 «Ғ», 5 «Д», 5 «Е», 5 «Ж», 5 «З», 5 «Қ», 5 «М», 5 «Н», 5 «О» | 1 сағаттан |
| 3 | «Экологиялық этика» | 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В», 6 «Г», 6 «Ғ», 6 «Д», 6 «Е», 6 «Ж», 6 «К», 6 «Қ», 6 «Л», 6 «М» | 1 сағаттан |
| 4 | «Жас ботаник» | 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В», 6 «Г», 6 «Ғ», 6 «Д», 6 «Е», 6 «Ж», 6 «К», 6 «Қ», 6 «Л», 6 «М» | 1 сағаттан |
| | «Юный ботаник» | *6 «И», 6 «З»* | 1 сағаттан |
| 5 | «Математикалық сауаттылық» | 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В», 6 «Г», 6 «Ғ», 6 «Д», 6 «Е», 6 «Ж», 6 «К», 6 «Қ», 6 «Л», 6 «М» | 1 сағаттан |
| 6 | «Химия әлеміне саяхат» | 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б», 7 «В», 7 «Г», 7 «Ғ», 7 «Е», 7 «Ж», 7 «И», 7 «К» | 1 сағаттан |
| 7 | «Денсаулық мектебі» | 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б», 8 «В», 8 «Г», 8 «Ғ», 8 «Ж», 8 «З» | 1 сағаттан |
| | «Школа здоровья» | *8 «Д», 8 «Е»* | 1 сағаттан |
| 8 | «Қазақ тілінің грамматикасы» | 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б», 8 «В», 8 «Г», 8 «Ғ», 8 «Ж», 8 «З» | 1 сағаттан |
| | **Жеке және топтық жұмыстар** | | |
| 1 | «Әсем гүлдер» би өнері | 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В», 5 «Г», 5 «Ғ», 5 «Д», 5 «Е», 5 «Ж», 5 «З», 5 «Қ», 5 «М», 5 «Н», 5 «О» | 1 сағаттан |
| | «Грация» хореография | *5 «И», 5 «К», 5 «Л»* | 1 сағаттан |
| 2 | RoboLand курс робототехникасы | 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В», 6 «Г», 6 «Ғ», 6 «Д», 6 «Е», 6 «Ж», 6 «К», 6 «Қ», 6 «Л», 6 «М» | 1 сағаттан |
| | RoboLand курс робототехники | *6 «И», 6 «З»* | 1 сағаттан |
| 3 | Мультимедиялық технологиялар | 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б», 7 «В», 7 «Г», 7 «Ғ», 7 «Е», 7 «Ж», 7 «И», 7 «К» | 1 сағаттан |
| 4 | 60 Live tv Телеарна мектебі | 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б», 8 «В», 8 «Г», 8 «Ғ», 8 «Ж», 8 «З» | 1 сағаттан |

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9 кластардың оқу жоспарында вариативтік компонентінде элективті курсқа 3 сағат, жеке және топтық жұмыстарға 1 сағат берілген. Олар: **«Абайтану»,** **«Зайырлылық және дінтану негіздері»**, **«Химия есептерін тиімді әдістермен шығару»**. Мақсаты: Оқушыларға химиялық есептердің шешілу жолдарын үйрете отырып, химиядан есептер шығару біліктіліктерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту, сан және эксперимент есептерін шығаруға баулу.

**«Іскерлік журналистика мектебі»** жеке және топтық консультациялар, дамытушылық сипаттағы сабақтарға бөлінді. Мақсаты: Газет, журнал материалдарымен өзіндік жұмыс жүргізу, газет жанрында материалдың берілу стилін сақтау,практикалық дәлелдеулер табу, Республикалық басылымдарға мақалалар жариялау, жинау. Шығарманың мазмұны мен тілі жайлы топтық және ұжымдық жұмыс жасау, газет беттерін шығару. Мектеп журналына тікелей мақалалар жариялау.

В 9 классах с русским языком обучения на элективные курсы отводится 1 час. «**Религиоведение**», а на индивидуальные и групповые консультации и занятия развивающего характера отводится 1 час. «**Школа деловой журналистики**», цель: Получения универсальных навыков, необходимых для работы в подготовке будущих журналистов.

**9-кластарға**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Элективті курстар** | | | |
| 1 | «Абайтану» | 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б», 9 «В», 9 «Ғ», 9 «Д», 9 «Е» | 1 сағаттан |
| 2 | «Зайырлылық және дінтану негіздері» | 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б», 9 «В», 9 «Ғ», 9 «Д», 9 «Е», 9 «Г» | 1 сағаттан |
| 3 | «Химия есептерін тиімді әдістермен шығару» | 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б», 9 «В», 9 «Ғ», 9 «Д», 9 «Е» | 1 сағаттан |
| **Жеке және топтық жұмыстар** | | | |
| 1 | Іскерлік журналистика мектебі | 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б», 9 «В», 9 «Ғ», 9 «Д», 9 «Е» | 1 сағаттан |
| | Школа деловой журналистики | *9 «Г»* | 1 сағаттан |

Мектептің оқу жоспарын әзірлеуде құқықтық-нормативтік құжаттармен қатар оқушылар мен ата-аналардың сұраныстары мен қажеттіліктерін ескеру өте маңызды. Себебі, оқушылар мен ата-аналардың пікірі ескерілген жағдайда мектептегі оқу-тәрбие үдерісі дұрыс және тиімді жүзеге асырылады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9-кластардың оқу жоспарында вариативтік оқу жүктемесінің мектеп компонентіне 3 сағат, оқушы компонентіне 1 сағат берілген. Вариативті компоненттен 9-сыныптар үшін міндетті түрде **«Зайырлылық және дінтану негіздері»** курсын оқытуға ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша 1 сағат апталық жүктеме беріледі. ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы **«Абайтану» курсы** оқыту жүзеге асырылады.

## Жалпы білім беру сатысы

**10-кластардағы тереңдетілген, стандартты деңгейдегі пәндер мен вариативті сағаттан бөлінген таңдау курстары:**

**Жаратылыстану-математикалық (қазақ класы)** бағыт бойынша <u>тереңдетілген деңгей</u>

Биология – 4 сағаттан (10 «А», «Ә»)
География – 4 сағаттан (10 «А», «Ә»)
Жаратылыстану-математикалық (қазақ класы) бағыт бойынша стандарттық деңгей
Дүниежүзі тарихы – 2 сағаттан (10 «А», «Ә»)
**Вариативтік бөлімнен:**
Жаратылыстану-математикалық (қазақ класы) бағыт бойынша
«Абайтану» курсы – 1 сағаттан (10 «А», «Ә»)
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық – 1 сағаттан (10 «А», «Ә»)
Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару – 2 сағаттан (10 «А», «Ә»)
Жоғары математика есептерін шығару жолдары – 1 сағаттан (10 «А», «Ә»)
Химия заңдылықтары мен есептеулері – 1 сағаттан (10 «А», «Ә»)

**Қоғамдық – гуманитарлық бағыты (қазақ класы)** бағыт бойынша тереңдетілген деңгей
Дүниежүзі тарихы– 3 сағаттан (10 «Б»)
География – 3 сағаттан (10 «Б»)
Қоғамдық – гуманитарлық (қазақ класы) бағыт бойынша стандарттық деңгей
Биология – 2 сағаттан (10 «Б»)
Кәсіпкерлік және бизнес негіздері – 2 сағаттан (10 «Б»)
**Вариативтік бөлімнен:**
Қоғамдық – гуманитарлық (қазақ класы) бағыт бойынша
«Абайтану» курсы – 1 сағаттан (10 «Б»)
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық – 1 сағаттан (10 «Б»)
Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару – 2 сағаттан (10 «Б»)
Жоғары математика есептерін шығару жолдары – 1 сағаттан (10 «Б»)
Химия заңдылықтары мен есептеулері – 1 сағаттан (10 «Б»)
Жас программист – 1 сағаттан (10 «Б»)

**Жаратылыстану-математикалық (орыс класы) бағыт бойынша** тереңдетілген деңгей
Физика – 4 сағаттан (10 «В»)
Химимя– 4 сағаттан (10 «В»)
Жаратылыстану-математикалық (орыс класы) бағыт бойынша стандарттық деңгей
Всемирная история– 2 сағаттан (10 «В»)
**Вариативтік бөлімнен:**
Избранные вопросы биологии - 1 (орыс класы) бағыт бойынша
Глобальная география - 1 сағаттан (10 «В»)
Нв и ТП – 1 сағаттан (10 «В»)

**11-кластардағы тереңдетілген, стандартты деңгейдегі пәндер мен вариативті сағаттан бөлінген таңдау курстары:**
**Жаратылыстану-математикалық (қазақ класы)** бағыт бойынша тереңдетілген деңгей
Биология – 4 сағаттан (11 «А», «Ә»)
География – 4 сағаттан (11 «А», «Ә»)
Жаратылыстану-математикалық (қазақ класы) бағыт бойынша стандарттық деңгей
Дүниежүзі тарихы – 2 сағаттан (11 «А», «Ә»)
**Вариативтік бөлімнен:**
Жаратылыстану-математикалық (қазақ класы) бағыт бойынша
«Абайтану» курсы – 1 сағаттан (11 «А», «Ә»)
Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару – 2 сағаттан (11 «А», «Ә»)
Жоғары математика есептерін шығару жолдары – 1 сағаттан (11 «А», «Ә»)
Химия – 2 сағаттан (11 «А», «Ә»)

**Қоғамдық – гуманитарлық бағыты (орыс класы)** бағыт бойынша тереңдетілген деңгей
Всемирная история– 3 сағаттан (11 «Б»)
География – 3 сағаттан (11 «Б»)
Қоғамдық – гуманитарлық (орыс класы) бағыт бойынша стандарттық деңгей
Физика – 2 сағаттан (11 «Б»)
Химия– 2 сағаттан (11 «Б»)
**Вариативтік бөлімнен:**
Қоғамдық – гуманитарлық (орыс класы) бағыт бойынша
«Строение и функции живых организмов» курсы – 2 сағаттан (11 «Б»)
Страноведение – 1 сағаттан (11 «Б»)
Молодой программист– 1 сағаттан (11 «Б»)

**Кезекші топтардағы оқытуды ұйымдастыру**

2020-2021 оқу жылында іс-шараларды жүргізуге шектеу қойылуына, карантин енгізуге байланысты тиісті мемлекеттік органдарға кезекші сыныптарда (1-4 класс) ата-аналары мен заңды өкілдерінің өтініштері бойынша оқуға рұқсат етіледі.

«Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы негізінде (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 ж. 182 бұйрығымен өзгерістер енгізу бұйрығымен ) Білім беру министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР » 2020 ж. 28 тамыздағы №372 бұйрығының 42-тармағында барлық академиялық пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу, бір сыныпта 15 оқушыға дейін жүзеге асырылады» «2020-2021 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы оқу процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік хатта көрсетілген «Мектеп жасына дейінгі балаларға, орта мектептердің 1-4 сыныптарында бір сыныпқа 15 балаға дейін контингенті бар кезекші сыныптарды ашуға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығының 188, 190-тармақтарына сәйкес 60 орта мектепте кезекші сынып режимінде ата-аналары мен заңды өкілдерінің мәлімдемесі бойынша 15 адамға дейін топтарға бөлінумен 43 кезекші сынып жұмыс жасауда. Барлық оқушы саны-540.

# МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Ақтөбе қаласы «№60 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ 2016 жылы 1-қыркүйектен бастап іске қосылды. Мектеп 1200 балаға арналған, жалпы алаңы 17 607, 2ш.м., үшқабатты ғимарат. Материалдық базамен жабдықталған. Қазіргі таңда 3мыңнан астам оқушы білім алуда. Мектепте 261 педагог жұмыс жасайды.

Білім беру үдерісі СанПИН талаптары бойынша алтыкүндік оқу, 3 ауысымдық түзімде ұйымдастырылған.

Мектеп ұжымы «Мәңгілік ел» ұлттық идеямызды жүзеге асырудағы қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өз оқушыларымызға «табысты тұлға» ретінде үлгі болу және педагогиканың соңғы жетістіктерін қолдану арқылы барлық оқушыларымызды ең үздік біліммен қаруландырып, бәсекелестікке қабілетті, азаматтық, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ойлау қабілеті дамыған, функционалдық сауаттылығы жоғары Қазақстан Республикасының азаматтарын тәрбиелеуге еңбек ету» МЕКТЕПТІҢ МИССИЯСЫНА сәйкес жоспар бойынша жұмыс жасап келеді.

Мектеп миссиясынан стратегиялық мақсат-міндеттер туындайды.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Бәсекелестікке қабілетті, азаматтық, ұлттық, тарихи сана-сезімі қалыптасқан, ойлау қабілеті дамыған, функционалдық сауаттылығы жоғары ҚР патриотын тәрбиелеу.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

- ✓ Жан-жақты қолайлы орта қалыптастыру арқылы «табысты мектепке» жету;
- ✓ Функционалды сауатты, жауапкершілігі мол, креативті және сыни тұрғыда ойлайтын, салауатты өмір сүруді қалайтын оқушыларды тәрбиелейтін білім беру және тәрбиелеу ортасын құру;
- ✓ Мектепті басқарудың заманауи әдіс-тәсілдерін қолдану және жүзеге асыру;
- ✓ Педагогиканың соңғы жетістіктерін қолдану арқылы мұғалімдер ұжымының кәсіби дамуына ықпал ету және қолдау көрсету;
- ✓ Ата-аналар қауымдастығын мектепті дамытуға бағытталған іс-шараларға қатыстыру;

Осы мақсат-міндеттерге жету үшін оқу-тәрбие жұмысының тиімді құрастырылған жоспары болуы маңызды. Жоспарлау – басқару циклінің дайындық кезеңі, сондықтан мектепті басқару жүйесінде ол маңызды орындардың бірін алады. Жоспарды әзірлеу оқу және тәрбие үдерісін жақсарту бойынша іс-шаралардың белгілі кешенін қарастырады. Негізделген нақты жоспар – мектепті басқару мен ғылыми ұйымдастыру көрсеткіштерінің бірі. Мектепте міндетті түрде күнтізбелік жоспарлау болуы тиіс, яғни барлық жалпымектептік іс-шараларды тоқсандар, айлар, апталар, жекелеген күндер бойынша бөлу қажет. Әр мектеп жұмысын өз жағдайы мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып жоспарлайды, бұл ретте педагогикалық мақсаттылықты, алға қойылған мақсаттардың бірыңғай бағытын және оларды орындау іс-шараларының өзара байланысу жүйесін қарастыру керек. Жұмысты тиімді жоспарлаудың негізі, фундаменті өткен оқу жылының жұмыс нәтижелерінен туындайды. Ол үшін өткен оқу жылындағы мектептің оқу, тәрбие, әдістемелік жұмысына терең талдау жасауды қажет.

**Өткен оқу жылы бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік жұмысына талдау үшін төмендегідей бөлімдер зерттелді:**

**1-бөлім. Мектеп туралы жалпы ақпараттық мәліметтер.**
**2-бөлім. Білім беру үдерісін ұйымдастыру шарттары.**
2.1. Оқу жоспары (құрылымы және бағыты).
**3-бөлім. Білім беру мекемесінің педагогикалық кадр құрамы туралы мәліметтер.**
3.1. Құрамы және санаттары бойынша мәлімет.
**4-бөлім. оқушыларға білім беру жұмыстарына талдау.**
4.1. Мектептегі білім сапасына талдау.
4.2. Бастауыш, орта, жоғары сыныптардағы білім сапасы..
**5-бөлім. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау.**
5.1. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау, Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері.
5.2. Негізгі, жалпы орта мектепті бітіруші түлектер туралы статистикалық мәліметттер.
**6-бөлім. Әдістемелік жұмыстарға талдау.**
6.1. Әдістемелік кеңес және кафедралардың жұмыстарына талдау.
**7-бөлім. Тәрбие жұмыстарына талдау.**
7.1. Мектептегі тәрбие жүйесі.
7.2. Класс жетекшілер әдістемелік бірлестіктің жұмысы, класс жетекшілер құрамы.
7.3. Ата-аналармен жұмыс.
**Жалпы қорытындылар жасай келе, келесі оқу жылына ұсыныстар мен мақсат-міндеттер айқындалды.**

Қорытындылау нәтижесінде мектеп жұмысының әлді-әлсіз жақтары анықталады. Соған қарап келесі оқу жылының жұмыс жоспарын құруда неге басты назар аудару қажет, әлді тұстарымен одан әрі дамыту мақсатында неге жетуге болады, әлсіз тұстарын түзету үшін қандай шаралар жоспарлау қажет екені анықталады. Мысалы, талдау барысында анықталғаны - мектептің педагог кадрларын аттестациядан өткізу жұмысының нәтижесінде педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшылардың саны артқан. Яғни бұл жағдайда мектепте шеберхана, эксперименттік орта, шығармашылық топтар жұмысының аясын кеңейтуге мүмкіндіктер бар. Сол сияқты, педагогикалық құрамда жас мамандар үлесі көп. Оның ішінде цифрлық құзыреттілікпен қаруланған, жұмыс жасауға мотивациясы жоғары жастардан құралған топ мектепте жоғары класс оқушыларын актерлық шеберлікке, шығармашылыққа баулу бағытында жұмыс жасайтын телестудия ашты. Биыл 2-ші жыл нәтижелі жұмыс жасап жатыр.

1. Жылдық жұмыс жоспар бойынша іс-шаралар орындалған..
2. Оқу жоспары, бағдарламаларға сәйкес оқу-тәрбие процесі жүзеге асырылған.
3. Әдістемелік кеңес жұмысы мектеп миссиясына бағытталған жұмыс жүргізген. Мұғалімдер оқу процесіне толықтай қамтылған.
4. Әдістемелік жұмыс жүйелі түрде оқушы және мұғалімнің білім сапасын арттыруға бағытталған
5. Жыл сайын педагогтердің санаты бойынша, кадрлық құрамның сапасы артып отырған. Мұғалімдердің белсенділігі артқан.
6. Тәрбие жұмысы бағытында ата-аналармен, оқушылармен жұмыс сапасы артқан.

**Кемшіліктер:**

1. Қазақстан тарихы, география, физика, информатика, құқық пәндерінен білім сапасы орташа немесе төмен, себебі пәндік олимпиада, мемлекеттік емтихан, ҰБТ де осы пәндерден оқушылар жоғары нәтиже көрсете алмаған.
2. Электрондық журналмен жұмыс жасауда класс жетекшілер жұмысы әлсіз, ата-ана мен оқушы белсенділігі төмен болған.
3. Жоғары кластардың ата-аналарының бала тәрбиесіне, мектептегі өміріне қызығушылық танытуы аз, олардың класс жиналыстары бастауыш кластарға қарағанда қатысу пайызы төмен.
4. Ерекше оқытуды қажет ететін балалармен жұмыс жасау әдістемесі әлсіз. .
5. Кейбір кластарда, әсіресе жоғары сыныптарда, оқушы белсенділігі төмен, класс жетекшілердің жұмысы әлсіз.
6. ҰБТде түлектердің жыл сайын орташа балл артқанымен, мемлекеттік гранттарға ие болу үлесі төмендеген, яғни кәсіптік бағдар беру жұмысын жетілдіру қажеттілігі туындайды.

**Ұсыныстар:**

1. Оқу-тәрбие процесін жетілдіру бағытында тиімді іс-әрекеттерге көшу.
2. Білім сапасын көтеру мақсатында оқу үдерісіне заманауи педагогикалық және ақпараттық технологияларды толық енгізу.
3. Мектепте оқу үдерісінің тиімділігін зерттеуге мүмкіндіктер беретін әдістемелерді үйрену, қолдануды жалғастыру.
4. Әдістемелік кафедралар, тәлімгерлер жұмысын жетілдіру.
5. Педагогтердің жұмысын саралайтын мониторингтің өлшемдерін жетілдіру, оларды ынталандыру тетіктерін (қолдау, мадақтау, сыйақы тағайындау, тб) іздеу.
6. Әдістемелік және тәрбие жұмыстарын жүйелеу.
7. Дарынды оқушылармен жұмысты жандандыру.

Мектептің толыққанды және жанжақты дамуы үшін оның әлеуетін күшті және әлсіз жақтарын сипаттайтын сапалы талдау болу керек. Ол үшін үнемі диагностика, SWOT-анализ, мониторинг, әкімшілік кеңесі, кафедра меңгерушілермен кеңес, жұмыс топ жетекшілерімен бірлескен кеңестер өткізіп отыру керек.

Мектептің оқу-тәрбие жұмысын басқару 5 алқалы органдар жұмысымен жүзеге асырды:

1. Педагогикалық кеңес.
2. Әдістемелік кеңес
3. Мектеп директоры жанындағы кеңес
4. Қамқоршылық кеңес
5. Құқықтық кеңес.

Бұл алқалы органдардың жұмыс жасау жүйесіне менің әріптестерім өз баяндамаларында және тәжірибелік бөлімде толығырақ тоқталатын болады. Ал қазір мектептің жұмысын жоспарлау, басқаруда мектепішілік бақылаудың маңыздылығы туралы нақтырық тоқталсақ.

**Мектепішілік бақылау** - бұл мектептің барлық жұмысын оның алдына қойылған тапсырмаларға сай үйлестіру мен оңтайландыру мақсатында білім беру

ұйымындағы оқу тәрбие процесін жан-жақты оқу мен талдау жасайтын, сондай-ақ, қателіктердің алдын алу мен педагогикалық ұжымға кәсіби көмек көрсететін біртұтас процесс. Сонымен бірге, МІБ - бұл мектептегі білім беру процесінің өзекті мәселелерімен қатар, білім ұйымы қызметін анықтаудағы маңызды ақпараттардың қайнар көзі.

Бұл жұмыс мектеп әкімшілігі мүшелерінің өз құзырлықтары шеңберінде мектеп жұмысшыларының ҚР заңдары мен басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарды орындауын бақылау мен басқару бағытында жүзеге асыратын тексеру мен байқау жүргізуін ұсынады. Оқу-тәрбие процесінің барысы мен нәтижелерінің мемлекеттің, үкіметтің директивті ұстанымдарына, оқу бағдарламасының, білімнің жаңа мазмұнына және тәрбие жұмысының үлгі мазмұнына сай келуін анықтау және оны сақтау.

***Мектепішілік бақылаудың мақсаттары***:

- Білім беру ұйымының педагогикалық жүйесінің жалпы білім берудің мемлекеттік стандартына сай жұмыс істеуі мен дамуының мектептегі білім беру процесін әрі қарай дамыту ұсыныстары мен объективті тұжырымдамаларды қамтамасыз ететін себеп-салдарлық байланыстар орнатуды анықтау;
- Жеке тұлғаның келешек және маңызды қажеттіліктеріне сай және оның фундаментальды негізін сақтап қалуға негізделген мектеп ұжымының қолжетімді және сапалы қызметін жетілдіру;
- Оқушының білім әлеуетін анықтау және жүзеге асыру, жеке тұлғаның жан-жақты даму динамикасын бақылау;
- Білім мекемелерінің білім беру процесін қамтамасыз ету мен ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сай жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

***Мектепішілік бақылау міндеттері:***

- Қазақстан Республикасының білім беру аумағындағы заңнамаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- заңнамаларды және басқа да нормативті-құқықтық актілерді бұзу және орындамау жағдайларын анықтау, оны болдырмау шараларын жүргізу;
- талапты бұзу себептерін анықтау, оның алдын алу шараларын жүргізу;
- педагогтардың қызметінің нәтижесінің тиімділігін талдау және сараптамалық баға беру;
- педагогикалық қызмет нәтижесін оқып зерттеу, білім беру процесін ұйымдастырудағы оң және кері тенденцияларды анықтау және осының негізінде кері тенденцияларды болдырмау жайында педагогикалық тәжірибені таратуды ұсыну;
- мектепте бұйрық пен нұсқаулардың жүзеге асырылу нәтижелерін талдау;
- педагогтарға бақылау барысында әдістемелік көмек көрсету.

***Мектепішілік бақылаудың қағидалары:***

- мұғалімнің кәсіби-педагогикалық өсуі мен шығармашылық әлеуетін ынталандыру;
- жүйе субъектілерінің барлықтарын өзара байыту және өзара сыйластық;
- қызметтің ақпараттық және мотивациялық негіздері;
- әдістемелік бағыттылығы;
- жұмыстың жүйелігі және циклдік қайталануы;
- демократиялық;
- гуманизм, жариялылық;

- МІБ нәтижелерінің ашықтығы;
- жүйенің өзіндік және өзінің тұлға ретінде сақталуы.

***Мектепішілік бақылаудың бағыттары:***

- жаппай оқытудың ұйымдастыру-педагогикалық мәселелерін орындау;
- білім бағдарламаларының және мемлекеттік білім стандарттарының орындалу барысы мен сапасы;
- оқушылардың білім, білік және дағдыларының сапасы;
- оқушылардың тәрбиелілік деңгейі;
- оқытудың білім беру, тәрбиелеу және дамыту функцияларын жүзеге асырушы оқу пәндерін оқытудың жағдайы;
- сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың сапасы мен жағдайы;
- педагог кадрлармен жұмыс;
- оқушыларды тәрбиелеудегі мектеп, отбасы және қоғамның бірлескен әрекетінің тиімділігі;
- нормативтік құжаттар мен қабылданған шешімдердің орындалуы.

***Мектепішілік бақылау неге әкеледі ?***

1. Бақылаудың тиімділігін қамтамасыз етеді.
2. Мектептегі МІБ жұмысының сапасын арттыруға ықпал етеді.
3. Педагогикалық ұжымда шығармашылық және өзара көмек атмосферасын тудырады.
4. Жақсы жұмыс істеуге ұмтылу мотивациясын дамытады.

***Мектепішілік бақылау ЕРЕЖЕСІ*:**

- мектепішілік бақылауды мектеп басшысы немесе оның ұсынысы бойынша мектеп басшысының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, бірлестік жетекшілері, басқа да мамандар жүргізеді;
- мектеп басшысы алдағы тексеру мерзімі, тексеру мақсаты, тексеру қорытындысын өткізу мерзімі және тапсырма жоспары жөнінде бұйрық жариялайды;
- тапсырма жоспары тексеруді қажет ететін нақты мәселелерді анықтайды және мектеп қызметінің жеке бөліктері бойынша немесе лауазымды адам жөнінде қорытынды құжаттарды дайындау үшін мектепішілік бақылаудың нәтижелерінің салыстырмалығы мен жеткілікті хабардар болуды қамтамасыз ету керек;
- эксперттердің мектепішілік бақылау нысанына қатысы бар ақпараттарды талап етуге, құжаттарды зерттеуге құқықтары бар;
- тексеру барысында білім беру саласы бойынша Қазақстан Республикасы заңнамаларының бұзылғандығы анықталса, ол жайлы мектеп басшысын хабардар етеді;
- оқушылардан эксперттік сұрақтар мен сауалнама алу тек қажетті деп табылған жағдайда мектептің психологиялық және әдістемелік қызметтерінің келісімімен жүргізіледі;
- егер айлық жоспар кестесінде тексеру мерзімі көрсетілген болса жоспарлы тексеру жүргізуде алдын ала мұғалімді хабардар етудің қажеті жоқ. Арнайы (экстренный) жағдайда мектеп басшысы мен оның оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мұғалімдердің сабағына ескертусіз-ақ қатыса алады;
- оперативті тексеру жүргізетін кезде мұғалім сабаққа қатысардан кем дегенде бір күн бұрын ескертіледі.

Мектепішілік бақылау Ережесі «Білім туралы» заңға және басқа заңды-нормативті құжаттармен білім беретін ұйымдардың қызметін және мектепішілік бақылаудың тәртібінің әкімшілік мазмұнын реттеу үшін жасалды және 2017-2018 оқу жылында әдістемелік кеңес №1 отырысының қаулысымен бекітілді.

4 жылдан астам уақыт қолданыста болған «Мектепішілік бақылау Ережелеріне» толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады (осы уақыт аралығында оқушы, класс комплект , педагогтар саны ұлғаюына, жұмыс ауқымының кеңеюіне, мектептің материалдық базасының нығаюына, техникалық құралдарды толыққанды пайдалану мүмкіндіктері пайда болуына байланысты 2021-2022 оқу жылының №4 педкеңесте қайта қаралып, толықтырулар енгізілді.

***Бақылау түрлері:***

- **Алдын-ала бақылау**. Алдын-ала бақылаудың негізгі мақсаты – мұғалімнің алдағы тұрған іске даярлығын талдау және оған дайындық кезеңінде қажетті әдістемелік көмек беру. Ол мектеп басшысының мұғаліммен сұхбаттасуы және оның барлық құжаттарымен танысу барысында жүзеге асырылады. Бұнда бастысы "ұстап алу емес", "көмектесу", "қателіктің алдын алу";

- **Ағымдағы бақылау**. Ол оқу-тәрбие міндеттерін іске асыру сәтінде оқу жылының кез келген уақыт аралығында жүзеге асырылады. Ағымдағы бақылауға мектеп қызметінің барлық саласы ұшырайды: мектеп жұмысы жоспарының және басқа да басқару шешімдерінің орындалу нәтижесі жөнінде толық нақты ақпараттар алу мақсатында оқыту мен тәрбие сапасы, оқушылардың оқу, еңбек және қоғамдық қызметтері.

- **Тақырыптық бақылау**. Тақырыптық бақылау мұғалімдер ұжымының оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің маңызды міндеттерін іске асыруын тексеру үшін де жоспарланады. Бақылаудың бұл түрі басшылардан жақсы дайындықты талап етеді: тексерілетін жұмыс көлемін анықтау, жеке сұрақтарды сұрыптап алу, барлық тексерушілер үшін жұмыс жоспарын дайындау, оларға нақты нұсқау беру. Дұрыс ұйымдастырылған тақырыптық бақылау оқу-тәрбие жұмысының маңызды сұрақтарын тереңірек зерттеуге /оқуға мүмкіндік береді.

- **Қорытынды бақылау**. Мұғалімнің оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу бағытындағы жұмысының барлық нәтижелерін зерттеуді /оқуды және оқушылардың оқу бағдарламасының материалдарын меңгергендігі жайлы шынайы объективті суреті мен олардың тәрбиелік деңгейін анықтауды мақсат етеді. Бұндай бақылау тоқсан, жартыжылдық соңында, оқу жылының аяғында, сондай-ақ оқу бағдарламасының үлкен бір бөлігін оқып біткен соң жүргізу ұсынылады.

- **Жеке (дара) бақылау**. Ол мұғалім жұмысын ұзақ зерттеуге және оған жолай көмек көрсетуге есептелген. Жеке(дара) бақылау мұғалімнің кәсіби қызметінің жүйесін зерттеу мақсатында қолданылады және педагог кадрлармен жұмыс істеуде ең жақсы құрал болып табылады.

- **Фронтальды-шолу бақылау**. Фронтальды-шолу жасау бақылауды жаңа тағайындалған мектеп басшысы ұжым мүшелерімен алдын ала, әрі жылдам танысу үшін қолданғаны пайдалы. Фронтальды-шолу жасау бақылаудан кейін мұғалім жұмысының қыр-сырын терең зерттей отырып, келешекте оған қажетті көмек беруге ықпал ететін бақылаудың басқа түрі жүруі керек.

- **Салыстырмалы бақылау**. Параллель сыныптарда сабақ беретін және ортақ бір пән оқытатын немесе бірдей педагогикалық проблеманы дайындайтын мұғалімдердің білім беру сапасы мен олардың нәтижеліктерін бір мезетте тексеруді мақсат етеді. Жеке мұғалімдердің алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерін анықтауда бақылаудың осы түрін қолдануға болады.

- **Проблемалық-жалпылама бақылау**. Бақылаудың бұл түрі жоспарларды, әдістемелік әзірлемелерді оқу-зерттеу, оқу-тәрбие процесіне аталмыш проблеманың жеке ережелерін енгізуді және оқушылардың білім сапасы, білігі мен дағдысынан, сондай ақ, тәрбиелік деңгейінен көрінетін нәтижелерді тікелей бақылау арқылы іске асады. Қарастырылып жатқан проблема идеяларын тәжірибеге енгізуді зерттеу мектеп басшыларына оның оқу-тәрбие процесін жетілдіруге ықпалы жайлы ой түйіндеп қорытынды жасауларына мүмкіндік береді.

- **Жедел (оперативті) бақылау**. Бұл бір сыныптағы оқу-тәрбие процесінің күйін немесе бір мұғалімнің қызметін бір күндік бақылау. Бұндай бір күндік бақылау нәтижесі бойынша мектеп басшылары әдетте тақырыптық бақылауды жоспарлайды.

***Бақылауды ұйымдастыру формалары: персоналды, тақырыптық, сыныптық - жалпылама, комплексті.***

- Мектепішілік бақылау нәтижесін тіркеу түрлері:
- Сараптамалық анықтама,
- Мектепішілік бақылау нәтижесі жайында анықтамалар,
- Тексерілген істің жағдайы жайлы баяндама

Соңғы мәліметтер нақты фактілерді, қорытындыларды және қажет болса ұсыныстарды қамтуы қажет. Нәтиже жөніндегі ақпарат мектеп қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

Мектеп басшысы **БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕСІ** бойынша төмендегі **ШЕШІМДЕРДІ** қабылдады:

- Бұйрық шығару;
- МІБ соңғы мәліметтерін алқалы (коллегиальный) органда талдау;
- сараптамашыларды тарта отырып, бақылауды қайта жүргізу;
- лауазымды адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту;
- қызметкерлерді марапаттау;
- өз құзырлығы шеңберінде басқа да шешімдер қабылдау.

**Бақылау әдісі** – бұл белгіленген мақсатқа жету үшін бақылауды практикалық тұрғыдан іске асыру тәсілі. Білім беру қызметінің жай-күйін зерттеу үшін бақылаудың барынша тиімді әдістері:

- бақылау (әлденені мұқият қадағалау, танысу, зерттеу); себебін анықтау арқылы талдау, саралау, даму қарқынын анықтау;
- тыңдаушылардың қатысуымен қандай да бір тақырыпқа әңгімелесу, іскерлік сұхбат, пікір алмасу;
- құжаттамамен танысу, әлденемен танысу, анықтау мақсатында мұқият зерттеу;
- сауалнама алу, сауал қою арқылы зерттеу тәсілі;

- хронометраж, қайталанатын операцияларды орындауға кеткен жұмыс уақытын есептеу;
- білімді ауызша не жазбаша тексеру, оқу деңгейін анықтау үшін тексеру.




Барлық бақылау түрі анықталған кемшіліктерді жоюдың ұсынымдарын әзірлеумен аяқталады. Олар білім беру қызметін жақсартуға бағытталуы әрі мектептің шынайы мүмкіндіктеріне сай болуы тиіс.

**Қорытынды**. Мектепті дамыту үшін жаңа ұғым, жаңа үлгі, жаңа әдістер қажет. Заман талабы- жаңа көзқарас қажеттілігінен туындайды. Инновацияны ендіру - білім сапасын арттырудың нағыз жолы. Білім беру жүйесіндегі инновация дегеніміз - оқу-тәрбие үдерісін жүйелі түрде жобалауға, ұйымдастыруға мүмкіндік беретін білім алушы мен оқытушыға тиімді жағдайды қамтамасыз ететін прогрессивті, жаңа педагогикалық енгізулер.

## 2016 -2021 ОҚУ ЖЫЛДА ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫСТАРҒА ТАЛДАУ

## (БІЛІМ САПАСЫ)

«Қазақтың тағдыры да, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі» деген Мағжан Жұмабаевтың сөзі өмірдегі өз маңызын күн санап арттыруда. Тұғыры биік еліміздің ертеңінің бүгінгіден де жарқын болуы – рухы асқақ,өрісі биік, білімді де білікті ұрпақ қолында. Осы талап үдесінен шығып, адам бойындағы ізгілік атаулыны қалыптастыратын ұлтты тәрбиелеудің кепілі – мектеп. Мектеп еліміздің болашағына қызмет ететін ұрпақтарды тәрбиелейді. Осындай мектептің бірі – «№ 60 жалпы білім беретін орта мектеп»КММ. Мектеп 29 тамыз айында 2016 жылы ашылды. Осы жылдан бастап білім ұясында тәрбиеленуші саны арта бастады. Мысалы: 2016-2017 оқу жылында 1676 оқушы білім алса,2017-2018 оқу жылы оқушы саны- 2271, ал 2018-2019 оқу жылы 3052 оқушы білім алды, 2019-2020 оқу жылында 3570 білім алушы. Тәрбиенушілер саны өзгерген сайын класс – комплект саны да арта бастады. 2016-2017 оқу жылы -62 класс/комплект ; 2017-2018 оқу жылы 93 класс/ комплект; 2018-2019 оқу жылы 116 класс/комплект; 2019-2020 оқу жылы 134 класс/комплект . 2020-2021 оқу жылын 148 комплект 3900 оқушымен бастап, оқу жылын 3264 оқушымен аяқтадық. Бірінші ықшам ауданында жаңа мектеп ашылғанына байланысты 17 класс комплект жабылып,№78 мектеп гимназияға 636 оқушы ауыстырылды.

| **Оқу жылы/ кластар** | **2016-2017 оқу жылы** | **2017-2018 оқу жылы** | **2018-2019 оқу жылы** | **2019-2020 оқу жылы** | **2020-2021 оқу жылы** |
|---|---|---|---|---|---|
| **класс** | **Оқушы саны** | **Оқушы саны** | **Оқушы саны** | **Оқушы саны** | **Оқушы саны** |
| **1-4** | 966/1018 | 1422/1424 | 1832/1908 | 2119/2120 | 2146/1808 |
| **5-9** | 473/590 | 731/744 | 978/1034 | 1307/1320 | 1585/1326 |
| **10-11** | 53/68 | 103/103 | 107/110 | 125/130 | 169/130 |
| **1-11** | 1492/ 1676 | 2256/2271 | 2917/3052 | 3551/3570 | 3900/3264 |
| **Кл/комп** | 62 | 93 | 116 | 134 | 148/131 |
| | | +31 | +23 | +18 | 636 оқушы №78 м/г ауысты(17 кл/компл жабылды) |




«Адамзат үшін 21 ғасыр – жаңалықтар, жаңа технологиялар ғасыры, ал осы жаңа технологияларды жузеге асырып, өмірге енгізу,жетілдіру- ұстаздардың қолында» деген Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сөзі бар, сондықтан қазіргі мектеп ұстаздарының жаңаша жұмыс жасап, көптеген инновациялық әдістерімен сабақ беруі- заман талабы. Киелі білім ордасының жетістігі мектеп ұжымының аянбай еңбек етуінің көрінісі болмақ. Сапалы білім – еліміздің болашақ көрсеткіші.

| | **2016-2017 оқу жылы** | | | **2017-2018 оқу жылы** | | | **2018-2019 оқу жылы** | | | **2019-2020 оқу жылы** | | | **2020-2021 оқу жылы** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **класс** | **Оқушы саны** | **Оқу озаты /екпінділер** | **сапа** | **Оқушы саны** | **Оқу озаты /екпінділер** | **сапа** | **Оқушы саны** | **Оқу озаты /екпінділер** | **сапа** | **Оқушы саны** | **Оқу озаты /екпінділер** | **сапа** | **Оқушы саны** | **Оқу озаты /екпінділер** | **сапа** |
| **1-4// 2-4** | 1078 | 695 | 64% | 1424 | 1004 | 70% | 1908 | 1418 | 74% | 2120 | 906/778 | 79,4% | 1398 | 1011 | 72,3% |
| **5-9** | 530 | 301 | 50% | 847 | 423 | 50% | 1034 | 583 | 56% | 1320 | 238/490 | 55,2% | 1326 | 882 | 66,5% |
| **10-11** | 68 | 30 | 44% | 103 | 51 | 49,5% | 110 | 56 | 51% | 130 | 18/46 | 49,2% | 130 | 82 | 63,7% |

| 1-11// 2-11 | 1676 | 996 | 59,4 % | 2271 | 1427 | 63 % | 3052 | 2057 | 67,3% | 3570 | 1162 / 1319 | 69,4% | 28/54 | 1975 | 69,2 % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақ /орыс Барлығы кл/комп | 51/11 62 | | | 76/17 93 | | | 97/19 116 | | | 112/22 134 | | | 125/23 148 | | |
| Оқушы саны Қазақ/Орыс тілінде | 1420/256 | | | 1906/365 | | | 2592/460 | | | 3026/544 | | | 2668/596 | | |
| Ерекше оқушылар саны | 5 | | | 9 | | | 13 | | | 24 | | | 19 | | |
| Үйден оқытылатын | 8 | | | 8 | | | 11 | | | 13 | | | 10 | | |

| | **2016-2017 оқу жылы** | **2017-2018 оқу жылы** | **2018-2019 оқу жылы** | **2019-2020 оқу жылы** | **2020-2021 оқу жылы** |
|---|---|---|---|---|---|
| **КЛАСС** | *сапа* | *сапа* | *сапа* | *сапа* | *сапа* |
| **1-4; 2-4** | 64% | 70% | 74% | 79,4 % | 72,3% |
| **5-9** | 50% | 50% | 56% | 55,2 % | 66,5% |
| **10-11** | 44% | 49,5% | 51% | 49,2 % | 63,7% |
| **1-11; 2-11** | 59,4% | 63% | 67,3% | 69,4 % | 69,2% |









Білім сапасы оқыту тіліне байланысты

| | **2016-2017 оқу жылы** | | | **2017-2018 оқу жылы** | | | **2018-2019 оқу жылы** | | | **2019-2020 оқу жылы** | | | **2020-2021 оқу жылы** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқыту тілі/класс | 1-4 | 5-9 | 10-11 | 1-4 | 5-9 | 10-11 | 1-4 | 5-9 | 10-11 | 1-4 | 5-9 | 10-11 | 2-4 | 5-9 | 10-11 |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
